

**2018 жылғы  
Қазақстанда ӨСАБ-ты  
іске асыру прогресі туралы  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**



## 1. Бір жылғы жұмыстың жалпы бағасы.

2017 жылы Қазақстан кезекті валидация процесінен өтті. 2018 жылғы 13-14 ақпанда 39-Халықаралық ӨСАБ Басқарма Отырысы барысында Осло қаласында (Норвегия) Қазақстан мәртебесіне қатысты шешім қабылданды. Халықаралық ӨСАБ Басқармасы Қазақстан ӨСАБ енгізу жөнінде біршама жетістіктерге жетті деп шешті, мұнда ары қарайғы ӨСАБ-ты жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар берілді <http://eiti.geology.gov.kz/ru/validation>.

Соңғы 5 жылда аудитор растаған ӨСАБ есептілігін Бірыңғай Мемлекеттік Қазақстан Республикасының Жер қойнауын Басқару Жүйесі (ары қарай - БМБЖ) арқылы жер қойнауын пайдаланушы компаниялар ұсынады және барлық мүдделі тараптарға және кез келген қажетті адам онлайн түрінде қол жеткізеді.

2018 жылдың шілдесінен бастап ӨСАБ бойынша есептілікті ұсыну, сондай-ақ соңғы бенефициарлар мен келісімшарттарды ашу бойынша ӨСАБ талаптары бөлігі жөніндегі нормалар қарастырылған Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Кодекс күшіне енді.

Жер қойнауын пайдаланушыларды тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар туралы есеп БМБЖ жүйесінде іске асырылған <http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/home.jsf>

Бенефициарлық құқықты іске асыру бойынша Жол картасындағы іс-шаралар бойынша қазіргі уақытта компаниялар тізімі мен бенефициарлық иегерлер туралы ақпарат есептілігі құрылады, деректерді верификациялау, ҚР заңнамасы және ӨСАБ стандартының халықаралық талаптары туралы сұрақ өңделуде.

Жер қойнауын пайдаланушылардың бенефициарлары туралы ақпаратты ашу жеке тұлғалардың шетел және қазақстан компанияларындағы қатысу үлесінің құрылымын кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Аталған ақпаратты жариялау елдегі заңсыз қаржы ақпаратын ескерту, компаниялардың беделдік тәуекелін азайту, сондай-ақ инвесторлардың қазақстандық компанияларға тартымдылығын арттыру болып табылады. Бенефициарларды ашу елдегі сыбайлас жемқорлықты болдырмау және тыйым салынған қаржы ағындарымен күресуде қуатты және тиімді құрал болып табылады.

Бүгінде ел мақсаты елдің экономикасын дамыту қарқынын арттыру мен сандық технологияларды пайдалану есебінен тұрғындардың өмір сапасын арттыру болып табылатын «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша дамуда.

Цифрлық геологиялық-геофизикалық ақпаратты шоғырландыратын Ұлттық дерекқордың (ары қарай - ҰД) іске асыратын қызметі өзекті және қолжетімді геологиялық ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ барлау мен өндіруге онлайн

режимінде лицензиялар ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ҰД-дегі компаниялар ұсынатын жер қойнауын пайдалану саласындағы есептілік қолданыстағы мониторингтік жүйелердің (БМБЖ) басқа есептіліктерімен ықпалдастырылады.

Ашық және қолжетімді деректердің ықпалдастырылған жүйелеріндегі ӨСАБ-ты іске асырудың жаңа деңгейіне өту ӨСАБ жаңа талаптарына енгізу жөніндегі Жұмыс тобы мүшелерінің жұмыс кездесулері барысында <http://eiti.geology.gov.kz/ru/about-us/eiti-news-kazakhstan>, одан кейін Мүдделі Тараптардың Ұлттық Кеңесінде (ары қарай - МТҰК) талқыланды. МТҰК ӨСАБ ықпалдастыруға арналған ауысу рәсімдері (2019m жылғы 14 ақпандағы №75 хаттама) бойынша Халықаралық ӨСАБ Басқармасына тиісті құжаттар жіберуді шешті <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council/minutes-of-meetings>. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Т.С.Тоқтабаевтың тиісті хаты (02.04.2019ж. №04-2-27/1744 шығ.хаты) ӨСАБ ықпалдастыруға өту бойынша негіздеме мен жұмыстық жоспар Халықаралық ӨСАБ басқармасына жіберілді.

2018 жылдың 29 мен 31 мамыры аралығында Халықаралық ӨСАБ Секретариаты басшысы Йонос Мобергтің Қазақстандағы Үкімет мүшелерімен, компания басшыларымен және басқа мүдделі тұлғалармен елдегі ӨСАБ-ты іске асырудағы және ары қарайғы даму перспективаларын қолдауды растау мақсатында кездесу ұйымдастырылды <http://eiti.geology.gov.kz/ru/validation>.

Қазіргі уақытта қайталама валидация басталғанға дейін ӨСАБ Стандартының халықаралық талаптарына толық сәйкестендіру мақсатында түзету әрекеттері жүзеге асырылады (2019 жылғы 13 тамыз).

## **2. Жұмыс жоспарында көрсетілген жұмыстарды және мақсаттарды салыстырып жұмысты бағалау**

*Белгіленген мақсаттардың әсері мен нәтижесін қоса, жұмыс жоспарында келтірілген мақсаттарға қол жеткізудегі прогрессті бағалау (1.5-талап):*

ӨСАБ-ты іске асыру бойынша іс-шаралар 2018-2019 жылдарға арналған ӨСАБ-ты іске асыру жөніндегі қайта қаралған жұмыс жоспарына (бұдан әрі – ЖЖ) сәйкес, ӨСАБ-қа қатысушы басқа елдердегі Жұмыс жоспарын жасау тәжірибелері ескеріле отыра жүзеге асырылды. Онда ашық деректер саясаты, бенефициарлық құқық сынды Ұлттық басымдықтар ерекшеленген және оларды жүзеге асыру бойынша барлық қажетті іс-шаралар енгізілген. Жұмыс жоспары ӨСАБ Ұлттық сайтында жарияланған [http://eiti.geology.gov.kz/images/stories/ipdo2/work\\_plan/work1718.pdf](http://eiti.geology.gov.kz/images/stories/ipdo2/work_plan/work1718.pdf).

## **Валидациядан өтуге дайындық іс-шаралары.**

МТҰК отырысында (2018 жылғы 18 қазандағы №74 МТҰК хаттамасы <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council/minutes-of-meetings>) 2017 жылы валидация барысындағы берілген 10 ұсынысы және оларды іске асыру туралы жарияланды. Сонымен қатар, жаңа стандарттарды енгізу және валидациялау жөніндегі МТҰК жұмыс топтары бірнеше рет кездесті және ары қарайғы жұмыстарды атқарды. МТҰК отырысында (2019 жылғы 21 мамырдағы №76 МТҰК хаттамасы <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council/minutes-of-meetings>). ҚР Индустрия және инфрақұрылым министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы, МТҰК Төраға орынбасары А.А. Надырбаев осы уақытта мыналар орындалды деп хабарлады.

- 1) **1.4-талап бойынша** ҮЕҰ-дың МТҰК жұмысына қатысуға шақыру және олардың қатысуын қаржыландыру көздері туралы мәселе ашық, айқын және тәуелсіз болуы тиіс.

*ҮЕҰ-ден коалиция өкілдерімен диалогтық алаңда аталған мәселе өңделіп, ӨСАБ Ұлттық Секретариатқа «ӨСАБ-ты іске асыру жөніндегі Диалогтық Алаң туралы Ережеден көшірме» жіберілді <http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/normative-base>. Аталған құжатта МТҰК-ға өкілдерді жылжыту және тағайындау тәртібі, жұмыс тәртібі, дауыс беру рәсімдерінің тәртібі және т.б. көрсетілген.*

- 1) лицензиялар тізіліміне қатысты, үкімет лицензиялар мен келісімшарттарды алуға өтінім берудің тәртібін жариялауы, сондай-ақ лицензиялар мен келісімшарттарды тағайындау мен әрекет ету мерзімі бойынша **2.3-талап** - орындалды, ҚР ИДМ ГЖҚиК сайтында КШ және ҚПҚ бойынша келісімшарттар тізіліміне әрекет ету мерзімі енгізілген, ал интерактивті картада жер қойнауын пайдалану объектісі мен өтініш берушілердің объектісі туралы қысқаша ақпарат минут сайын нақты уақыт режимінде (онлайн) барлау мен өндіруге арналған берілген өтінімдер көрсетіледі. Қазіргі уақытта Интерактивті картада ҚПҚ бойынша (уранмен) 559, ЖС бойынша 177, КШ бойынша 201 келісімшарттық аумақтар көрсетіледі, 134 объект рәсімделу сатысында, 85 объект МЖГЗ-де <https://gis.geology.gov.kz/geo/>. Оны пайдалану аумақтың жер қойнауын пайдаланудан бос екендігін анықтауға, келісімшартты жасаушылармен танысуға, картограммаға жасауға және т.б. мүмкіндік береді. Карталарды өзектендіру апта сайын жүргізіледі, айына 500-600 қаралымды құрайды. Сонымен қатар, Қатты пайдалы қазбаларға арналған берілген лицензиялардың тізілімі пайдалы қазбаның түрі, әрекет ету мерзімі, берілу күні, жер қойнауын пайдаланушыларды бақылайтын тұлғалардың тізілімі және басқалар көрсетіле отырып, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында

орналастырылған <http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru/kategorii/reestr-vydannyh-licenzii>  
Сондай-ақ өтінімдерді берілу күнін көрсету арқылы берілген өтінімдердің тізілімі  
жарияланған <http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru/pages/perechen-podannyh-zayavleniy-na-licenziyu-0>

- 2) мемлекеттің қатысуына қатысты **2.6-талап бойынша**. Үкімет ӨСАБ үдерісіне мемлекеттік кәсіпорындарды (ұлттық компанияларды) тартуы тиіс – *Ұлттық Есептерде ұлттық және олардың еншілес компанияларының құрылымы, қатысу үлесі, қарыздар және т.б. келтіріледі.*
- 3) Өндіру көлемдері бойынша деректерге қатысты **3.2-талап бойынша** үкімет өндірілген минералдық ресурстар мен металдарға қатысты өндірілген минералдық ресурстар мен металдардың құнын ашуы тиіс.
- 4) Бартерлік мәмілелер бойынша **4.3-талап бойынша** – *үкімет пен МТҰК бартерлік мәмілелердің маңыздылығы мен қолданылуын анықтауы тиіс, яғни мұнай, газ және минералдық ресурстарды қандай да бір тауарларға немесе қызметтерге толық немесе ішінара алмастыру орын алатындығын анықтауы тиіс. Бұл Ресеймен своптар туралы қандай да бір екіжақты келісімдер бартерлік келісім ретінде бағалана алатындығы туралы бағалауды қамтуы тиіс. ҚР ЭМ мен ҚР ИИДМ, сондай-ақ өндіруші және көлік салаларындағы ұлттық компаниялардың сауалдары бойынша жүзеге асырылады.*
- 5) Мұнайды тасымалдау кірістерінің айқындығы, тасымалдауға қатысты **4.4-талап бойынша** – *ҚазТрансойл, ҚазТрансгаз және ҚТЖ ресми сайттарына сілтеме. Жетіспейтін ақпарат сауал бойынша.*
- 6) МТҰК ӨСАБ болашақ есептерін дайындау бастапқы есепті әзірлеуді қамтитындығына көз жеткізу тиіс Тәуелсіз Әкімгерлерге арналған стандартты Техникалық тапсырма **4.9-талабы бойынша** – *орындалды, ӨСАБ бойынша Ұлттық сайтта жарияланады* <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports>
- 7) Қолданыстағы міндетті әлеуметтік шығыстар туралы **6.1-талап бойынша** *Ұлттық есептер тарауында ӨСАБ бойынша Ұлттық сайтта жарияланады* <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports>
- 8) Үкімет және МТҰК МК барлық қолданыстағы квазифискальды шығыстарды ашқанын қамтамасыз етуі тиіс **6.2-талап бойынша** – *квазифискальды шығыстар бойынша есеп нысаны БМЖБЖ жүйесіне енгізілді және ол бойынша ақпарат онлайн режимінде қолжетімді* [http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/quasi\\_fiscal1\\_journal.jsf?faces-redirect=true](http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/quasi_fiscal1_journal.jsf?faces-redirect=true) .
- 9) **7.4-талап бойынша** – Прогресс туралы келесі жылдық Есепке қатысты, ол ӨСАБ жұмыс жоспарының және басқа қызметті іске асыруды әсер етуді бағалауды қамтиды. Сонымен қатар, МТҰК жұмыс барысы туралы

жылдық есепті дайындау Қазақстанда ӨСАБ процесі үшін кері байланыс пен бастапқы ақпаратты ұсыну мүдделі тараптарға мүмкіншілікті қамтамасыз ету мүмкіншілігін қарастыруы тиіс – *ӨСАБ Ұлттық сайтында жарияланады* <http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/progress-reports-on-the-implementation-of-the-eiti>, *кері байланыс енгізілді* <http://eiti.geology.gov.kz/ru/contact>

**2019 жылғы 21-24 мамырда** ӨСАБ Атқарушы Директоры Марк Робинсон мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Валидация жөніндегі директор Алекса Гордидің Қазақстандағы ӨСАБ-ты іске асыруды таныстыру мақсатында таныстыруы өтті. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Р.В.Склярмен, Энергетика вице-министрі А.М.Мағауовпен, Ұлттық компаниялардың бірінші басшыларымен («ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК, «Тау-кен Самұрық», «Қазатомөнеркәсіп», «Қазгеология», «ҚазТрансГаз» және ҚТЖ) кездесулер жүргізілді. Сондай-ақ шетелдің ӨСАБ делегацияларының, Парламент, Үкімет, Азаматтық қоғам мен өндіруші компаниялардың тарапынан МТҰК мүшелерінің ӨСАБ Ұлттық Мүдделі Тараптардың Кеңесі өтті. «Қазэнерджи» ассоциациясының алаңында мұнай-газ және тау-кен секторлары компанияларымен кездесу өтті.

**Талқылауға қойылған мәселелер – валидация өтуге арналған түзету іс-шаралары (2019 жылғы 13 тамыз), келісімшарттар мен соңғы бенефициарларды ашу жөніндегі ӨСАБ стандартының халықаралық талаптары** <http://eiti.geology.gov.kz/ru/validation>.

Жалпы алғанда, барлық жоспарланған кездесулер достық жағдайында жоғарға деңгейде өтті, Қазақстандық тарап Халықаралық ӨСАБ Секретариатының өкілдеріне тыңғылықты жауаптар берді, сондай-ақ елдегі ӨСАБ-ты Қазақстан халқының әл-ауқатын табиғи байлықтармен дұрыс басқаруға бағытталған құрал ретінде ары қарай дамытуды қолдау туралы айтылды.

**Қазіргі уақытта 2017 жылғы 13-Ұлттық есепке Толықтыруға жарияланған нұсқада жетіспеген ақпараттық деректерді енгізуге дайындық жүргізілуде.**

**ҚР МТҰК қызметі.** ҚР МТҰК қызметімен, оның нәтижелерімен ӨСАБ Ұлттық сайтындағы «МТҰК» бөлімінде <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council/minutes-of-meetings> танысуға болады. 2017-2018 жылдар аралығында (шілдеге дейін) ҚР МТҰК-тің 11-отырысы өткізілді. Олардың алтауы электронды дауыс беру түрінде өтті. ҚР МТҰК жұмысының регламенті ӨСАБ Ұлттық сайтында жарияланған, 2013 жылғы 9 қазанда жаңартылған Бастаманың Өзара түсіністік туралы меморандумына (бұдан әрі – ӨТМ)

Қосымшада жазылған

[http://eiti.geology.gov.kz/images/stories/IPDO/norm\\_baza/memorandum2013.pdf](http://eiti.geology.gov.kz/images/stories/IPDO/norm_baza/memorandum2013.pdf).

**Прогресс.** Мүдделі тараптар мен тұрғындарды ҚР МТҰК қызметі туралы егжей-тегжейлі хабардар ету мақсатында ҚР МТҰК хаттамасына ҚР МТҰК мүшелерінің отырыстардағы жұмысы, талқылаған мәселелері мен қабылдаған шешімдері туралы стенографиялық сипаттағы толық ақпарат енгізіледі. Сондай-ақ сайтта отырыстарға қатысушылардың тізімі <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council/minutes-of-meetings>, электронды дауыс беру арқылы отырыстарды сырттай өткізген жағдайда ҚР МТҰК-тің дауыс берген мүшелерінің бюллетендері мен отырыс қатысушылары қосымша жарияланады.

2017 жылғы валидация барысындағы деректердегі түзету әрекеттері бойынша ҮЕҰ-дан МТҰК жұмысына қатысуға шақыру және олардың қатысуын қаржыландыру көздері туралы 1.4-талабына қатысты мәселе ашық, айқын және тәуелсіз болуы тиіс.

ҮЕҰ коалициясының өкілдерімен диалогтық алаңда аталған мәселе қаралып, ӨСАБ Ұлттық Секретариатына Ұлттық ӨСАБ сайтында орналастырылған «ӨСАБ-ты іске асыру жөніндегі Диалогтық Алаң туралы Ережеден көшірме» бағытталды <http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/normative-base>. Аталған құжатта МТҰК-ге өкілдерді жылжыту және тағайындау тәртібі, жұмыс регламенті, дауыс беру тәртібі мен т.б. ұсынылған.

Қазақстан Республикасындағы ӨСАБ-ты іске асыруға қатысты Өзара Түсіністік туралы меморандум бойынша ҮЕҰ-ны таныстыратын тарап ӨСАБ-ты іске асыру жөніндегі Диалогтық алаң нысанындағы ҮЕҰ коалицияларының бірлестігі болып табылады. 2019 жылғы 3 маусымда Диалогтық алаң Қазақстандағы ӨСАБ іске асыру мен дамуы бойынша мүдделі тараптардың Ұлттық Кеңесте азаматтық қоғам өкілдерінің кезекті сайлауын өткізді. Барлық дауыс берілген бюллетеньдер <http://www.echo.kz/> сайтында орналастырылған.

**2017 жылғы Ұлттық есепті шығару.** ӨСАБ-ты іске асыру бойынша Жұмыс жоспарындағы іс-шараларға сәйкес өткізілген мемлекеттік сатып алудар конкурсының қорытындысы бойынша «УНУ SAPA Consulting» ЖШС жеңімпаз деп танылды. Бұл компаниямен 2017 жылғы 13-Ұлттық ӨСАБ Есебін дайындауға арналған 2018 жылғы 22 маусымда №75 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

МТҰК елеулілік шегін белгілеген компанияларда төлеушілер мен алушылардың деректері салыстырып тексерілді. Мұнай-газ секторы бойынша 181 төлеушінің ішінде 72 компаниядан келген кірістің жалпы сомасы жылына 1 млрд. теңгені, мұнай-газ секторы бойынша барлық кірістің 99,53%-

ын құрады. Тау-кен секторы бойынша 369 төлеушілердің ішіндегі анықталған МТҰК маңыздылық қадамы жылына 100 млн. теңгеден асатын 90 компания кірісінің жалпы сомасы тау-кен секторындағы барлық кірістің 99,53 %-ын құрады.

Анықталған БМБЖ жүйесі арқылы жер қойнауын пайдаланушылар ұсынған төлемдер жөніндегі есептер бойынша тізімге сәйкес (10-қосымша) МТҰК елеулілік шегін белгілеген жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың салықтық және салықтық емес төлемдері мен түсімдерін және Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ілеспе қызметтерге қолданылатын («Қаржылық ақпаратқа қатысты келісілген рәсімдерді орындау жөніндегі келісім» 4400 ІҚХКС) Халықаралық аудит стандарттары бойынша түсімдер жөніндегі деректерін салыстырып тексеру жүргізілді. Келісілген рәсімдерді орындау жөніндегі келісімге деректерді тексеру, талдау және оларды бастапқы құжаттармен, салық төлеушілердің жеке есеп-шоттары деректерімен, Алушының есептерімен салыстыру, аудит мақсаты бойынша пікір білдіруге жеткілікті мәліметтер мен дәлелдер алу үшін салыстырып тексеру жүргізілген валютаға сәйкес валютаны қайта есептеу кіреді. Салыстыра тексерудің мақсаты – Қазақстан Республикасында ӨСАБ-ты іске асыру шеңберінде, өндіруші салалардан мемлекетке түскен 2016 жылғы төлемдері/түсімдері туралы ақпараттың толықтығын, дұрыстығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету.

БМБЖ жүйесі арқылы ұсынылған төлеушілердің деректері және ҚР ИДМ сұратулары бойынша ұсынылған алушылардың деректері негізінде дивидендтер жөнінде жиынтық есеп жасалды (2, 2-1 және 2-2 қосымша).

БМБЖ жүйесі арқылы ұсынылған, жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік салаға жұмсаған шығындары жөніндегі есептерін және облыс әкімдіктерінің деректерін салыстырып тексеру жүргізілді (3, 3-1 және 3-2 қосымша).

Мәнмәтіндік бөлік – өндіруші секторды шолу, құқықтық негіз бен фискалды режим, мемлекеттің өндіруші салаларға қатысуы туралы деректер, кірістерді бөлу туралы мәліметтер, лицензиялық тізілімдер мен лицензияларды бөлу, квазифискалды сектор, бенефициарлық құқық. Есепте тазарту құрылысжайларына, жер қойнауының ластану мониторингіне, әлеуметтік салаға және мамандарды оқытуға жұмсалған қаражат (5-қосымша); мұнай-газ және тау-кен секторындағы пайдалы қазбалардың түрлері бойынша өндіру және экспорт көлемі (6-қосымша); тасымалдау жөніндегі мәліметтер (7-қосымша); өндіруші салалардың макроэкономикалық көрсеткіштері (8-қосымша)



мәнмәтіндік бөлігіндегі мәтінде сипатталған), мұнай-газ және тау-кен секторындағы жер қойнауын пайдаланушы компаниялар бойынша тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтердегі қазақстандық қамту (9-қосымша) көрініс тапқан.

11-қосымшаға сәйкес есептеулер жүргізілді – маңыздылықты мәлімдеу (тексеруге жататын маңызды кірістер, үкімет бір тараптан ашуы тиіс маңызды кірістер, ӨСАБ есебінен алынып тасталуы тиіс өндіруші сектордан түскен маңызсыз кірістер ағыны).

12-қосымшада растаушы құжаттама (есептің мәтінінде пайдаланылған барлық құжаттарға сілтемелер көрсетілген негізгі құжаттар) келтірілген. 12-Ұлттық ӨСАБ Есебінің танымал нұсқасы дайындалды.

**Прогресс.** 2017 жылғы ӨСАБ бойынша 12-Ұлттық есептің мәнмәтіндік бөлігі өткен жылдардағы есептермен салыстырғанда құрылымдық, сапалық, мазмұндық жағынан айтарлықтай жетілген. ӨСАБ халықаралық стандарты талаптары бойынша ашу талап етілген ақпаратқа сәйкес өткен жылдардың динамикасын ескере отырып, ақпаратты ауқымды талдау енгізілген, графикалық материал жақсартылған, Салыстырып тексеру жөніндегі жұмыс тобының және ӨСАБ Халықаралық хатшылығының сын-пікірлері мен ұсынымдары ескерілген. Excel форматында SUMMARY есебін жасау жұмыстары жүргізілді. 2017 жылғы ӨСАБ есебінің жаңа Танымал нұсқасы даярланды. Тәуелсіз Әкімші салықтық және салықтық емес төлемдермен қатар, жер қойнауын пайдаланушылардың өңірлердегі әлеуметтік сипаттағы іс-шараларды (жобаларды, бағдарламаларды, әлеуметтік объектілерді, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың балансына берілгендерді) қаржыландыруы, оларды келісімдер, меморандумдар, шарттар, әлеуметтік әріптестіктер, т.с.с. шеңберінде одан әрі жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) игеруі жөніндегі деректерді салыстыра тексеру жүргізілді <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports>.

Салыстырып тексеру жөніндегі жұмыс тобының және МТҰК мүшелерінің сын-пікірлерін ескере отырып, қысқа мерзімде МТҰК мүшелері мен Салыстыру жөніндегі Жұмыс тобының пікірлері, сондай-ақ әр ескерту бойынша кеңейтілген пікірлердің тәуелсіз әкімгерлері ұсыну арқылы Есеп қарастырылды және ҚР МТҰК-де бекітілді (2018жылғы 18 қазандағы №74 хаттама). Есеп ӨСАБ Ұлттық Сайтында жарияланды <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports>

**2018 жылғы 6 қарашада Астана қаласында 2017 - 2019 жылдарға арналған меншікті иелену туралы Жол картасын іске асыру шеңберінде.** ӨСАБ стандарттарының негізгі халықаралық талаптарының бірі өндіруші компаниялардың бенефициарлық иелерін ашу туралы сараптамалық кездесу өткізілді. Кездесуге ӨСАБ жаңа талаптарын ендіру жөніндегі жұмыс тобының мүшелері, мүдделі мемлекеттік органдар, компаниялар мен азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының мүшелері қатысты. Қазақстандағы саяси және құқықтық жағдайды алдын-ала талдау материалдары және ӨСАБ стандартының жаңа талаптарын қолдануға дайындықтары ұсынылды. Жаңа стандартқа сәйкес 2020 жылға дейін ӨСАБ мүшелері болып табылатын барлық ел бенефициар иелердің, оның ішінде саяси маңызды тұлғалардың деректерін көрсете жариялауы тиіс.

**2019 жылғы 18 қаңтарда Алматыда Ұлттық Мүдделі Тараптардың Кеңесі (ары қарай – МТҰК ЖТ) ӨСАБ жаңа талаптарын енгізу туралы отырысы өтті,** онда Жұмыс жоспарының жобасын қарастыру және Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану кодексінде, сондай-ақ оны іске асыру мақсатында нормативтік-құқықтық актілерде қабылданған ӨСАБ бөлігіндегі заңнамалық нормаларды ескере отырып, ықпалдастырылған ашық деректер жүйелеріндегі ӨСАБ-ты іске асырудың жаңа деңгейіне өту жөніндегі негіздеме бойынша отырыс өтті. ӨСАБ жаңа талаптарын ендіру жөніндегі МТҰК ЖТ отырысы аясында өңделген барлық пікірлер ағымдағы ақпанда өткізу жоспарланған МТҰК-ге енгізілетін болады.

Ағымдағы жылдың қаңтарының соңына дейін осындай отырысты ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің алаңында өткізу жоспарлануда. Отырыстың нақты күні мен уақыты ӨСАБ Ұлттық Секретариаты арқылы қосымша хабарланады.

**2019 жылдың 13 ақпанында Астана қаласында жер қойнауын пайдаланушылардың компаниялар иелерінің бенефициарларын ашу туралы ӨСАБ стандартының негізгі халықаралық талаптарының бірін талқылау бойынша сараптамалық кездесу өтті.** Кездесуге ӨСАБ жаңа талаптарын енгізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері, мүдделі мемлекеттік органдар, компаниялардың өкілдері, азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарын енгізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері қатысты. Саяси және құқықтық шолулар материалдары, мүдделі тараптардың 150-ден астам өкілдерінің (атқарушы және өкілді билік, тау-кен компаниялары мен қоғам) қатысуымен 5 қоғамдық талқылаудың нәтижелері ұсынылды.

Сондай-ақ ӨСАБ талаптарын орындауды қамтамасыз етуі мақсатында халықтың сарапшылары әзірлеген ҚР НҚА-ға түзетулер енгізілді. Бұл ұсыныстар барлық ӨСАБ мүдделі тараптарымен (үкіметтік, тау-кен компанияларымен және жұртшылықпен) келісілуі тиіс.

**2019 жылғы 19-20 наурыз кезеңінде** Филиппының Манила қаласында 2017-2019 жылдарға арналған Бенефициарлық құқық бойынша Жол картасының іске асыру жөніндегі өткізілді, ол бойынша өндіруші компаниялардың бенефициар иелерін ашу туралы ӨСАБ стандартының маңызды халықаралық талаптарының бірінің білімін арттыру жөнінде оқытушы тренинг өтті. кездесуге ӨСАБ бенефициар құқығы жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері (ӨСАБ Ұлттық Секретариатынан Ж.К.Карибаев және ҚР ИИДМ Жер қойнауын пайдалану департаментінен Г.Дайрабаева) қатысты. Ж.Карибаев соңғы бенефициарларды ашуға бағытталған заңнамалық сипаттағы маңызды іс-шараларды көрсете отырып, Қазақстандағы Жол картасын іске асыру туралы баяндаманы оқыды. Сондай-ақ тренинг аясында Қазақстанда ашық тізілім үшін қажетті заңнамалық нормалар мен заң түзетулерін қолдау қарастырылды. БҰЛ жұмыс үкіметте бенефициарлық құқық туралы есептілік бойынша қолданыстағы заңнама мен нормативтерді талдауды құру үшін нұсқалар мен ұсыныстарды әзірлеуде үкіметті қолдау үшін консультанттарды тартуды қарастырады. Бұл жұмыс Қазақстандағы бенефициар құқығы туралы Жол картасына енгізілген. Жаңа стандарт бойынша 2020 жылға қарай барлық елдер-ӨСАБ қатысушылары бенефициар иегерлерді, оның ішінде саяси маңызды тұлғаларды жариялауы тиіс.

**2019 жылғы 21-24 мамырдағы ӨСАБ Атқарушы Директоры Марк Робинсон мен Валидация жөніндегі директор Алекса Гордидің 2019 жылғы 21-24 мамырдағы Қазақстандағы (Нұр-Сұлтан қ.) сапары туралы**

**21-24 мамырда** ӨСАБ Атқарушы Директоры Марк Робинсон мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Валидация жөніндегі директор Алекса Гордидің Қазақстандағы ӨСАБ-ты іске асыруды таныстыру мақсатында таныстыруы өтті. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Р.В.Склярмен, Энергетика вице-министрі А.М.Мағауовпен, Ұлттық компаниялардың бірінші басшыларымен («ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК, «Тау-кен Самұрық», «Қазатомөнеркәсіп», «Қазгеология», «ҚазТрансГаз» және ҚТЖ) кездесулер жүргізілді. Сондай-ақ шетелдің ӨСАБ делегацияларының, Парламент, Үкімет, Азаматтық қоғам мен өндіруші компаниялардың тарапынан МТҰК мүшелерінің ӨСАБ Ұлттық Мүдделі Тараптардың Кеңесі өтті. «Қазэнерджи» ассоциациясының алаңында мұнай-газ және тау-кен секторлары компанияларымен кездесу өтті.

Талқылауға қойылған мәселелер – валидация өтуге арналған түзету іс-шаралары (2019 жылғы 13 тамыз), келісімшарттар мен соңғы бенефициарларды ашу жөніндегі ӨСАБ стандартының халықаралық талаптары.

**21 мамырдағы 9.30-дағы** График бойынша Марк Робинсон мен Алекс Горди Қазақстан Республикасы Индустрия және Инфрақұрылымдық даму министрлігі

Жер қойнауын пайдалану департаментінің (ИИДМ ЖҚПД) директорымен, Халықаралық ӨСАБ Басқармасының мүшесі және Ұлттық координатор Р.Н.Баймишевпен, Ұлттық ӨСАБ Секретариатының Басшысы Э.А.Жантөреевамен кездесті, сондай-ақ кездесуге «Қазгеоақпарат» РҒАО бас директоры Ж.К.Карибаев (Ұлттық ӨСАБ Секретариаты қызметінің координаторы) қатысты. Кездесу барысында Мүдделі тараптардың, Ұлттық координатордың және ӨСАБ Ұлттық Секретариатының ұйымдастырушылық құрылымы мен қызметтері, сондай-ақ ӨСАБ бойынша Халықаралық Басқармаға мүшелік туралы мәселелер талқыланды. ӨСАБ проблемалары мен ары қарай даму жоспарлары талқыланды. Р.Н.Баймишев Халықаралық Басқармаға мүшелік пен Ұлттық координатор қызметінен бөлек негізгі қызмет лицензияларды, келісімшарттарды беру мен бұзу, лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелердің орындалуы, Жұмыс бағдарламаларын келісу, мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды және басқаларды іске асыруды беретін құзыретті орган - Жер қойнауын пайдалану департаментін басқару деп атап көрсетті.

Ұлттық ӨСАБ Хатшылығы «Қазгеоақпарат» РҒАО» ЖШС Ұлттық операторынан (100% құрылтайшысы ҚР ИИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті), Ақпараттық-талдаулық қамтамасыз ету департаментінен құралған. Негізгі қызметі – лицензиялық/келісімшарттық міндеттемелерді жинау, өңдеу және орындалуын талдау, пайдалы қазбалардың мемлекеттік теңгерімін есепке алу, инвестициялық пакеттерді дайындау.

Басым бағыттар – ӨСАБ-ты біріктіруге көшу, ӨСАБ стандартының келісімшарттарды және бенефициарлық иелерін ашу бойынша халықаралық талаптарға сәйкестікке қол жеткізу болып табылады. Аталған талаптар Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекс нормаларында көзделген.

Екінші кездесу **21 мамыр күні сағат 10.30-да** «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясында Қаржы басқармасы төрағасының орынбасары Д.С. Караваевпен және құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен өтті. ӨСАБ шеңберіндегі есептілікті ұсыну, ӨСАБ стандартының халықаралық талаптары, келісімшарттар бойынша ашық деректер саясаты және оларды жариялау мәселелері талқыланды. Кездесу барысында Д.С. Караваев компанияның қызметі айқын, қаржылық есептер, сондай-ақ квазифискалды шығындар компанияның сайтында жарияланатынын айтты. Компания ӨСАБ-ты және келісімшарттардың ашықтығын, сондай-ақ Стандарттың шикізат ресурстарын сату туралы ақпаратты ашу бойынша жаңа талапты қолдайды деді.

Келесі кездесу сағат **12.00-де** Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Р.В. Склярмен болды. Марк Робинсон қошемет білдіріп, Р.В. Склярды жаңа қызметімен құттықтады.

Р.В. Скляр да өз тарапынан ілтипатын білдіріп, шетелдік делегацияға Қазақстанда ӨСАБ қызметіне жетекшілік ететін ҚР ИИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы А.А. Надырбаев пен ҚР ИИДМ ЖД директоры Р.Н. Баймишевты таныстырды.

Р.В. Скляр арадағы ынтымақтастықты жоғары бағалады. Үлесі елдегі ЖІӨ-нің 20%-ын құрайтын тау-кен-металлургия кешенін қарқынды дамытуға бағытталған стратегияны, жаңа Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекстің қабылдануын, әрі қарайғы даму жолдарын атап өтті. Кездесу барысында Р.Н. Баймишев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Стамбул жоспары шеңберінде экономиканың басқа да салаларына Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесінің қызмет тәжірибесін тарату жайлы, оның тиімділігін айтты.

Марк Робинсон ӨСАБ-ты аймақтық қана емес, жаһандық деңгейде де іске асырудағы Қазақстанның, сондай-ақ Р.Н. Баймишев мүшесі болып табылатын ӨСАБ халықаралық басқармасында ел атынан өкілдік етудің маңыздылығын атап өтті. Қазақстан 12 жылдан астам уақыт ӨСАБ-ты іске асырып келеді және толық құптайды. Үкімет, компаниялар мен ҮЕҰ тараптары қолдау көрсетіп келеді. Басқа елдер сияқты деректерді көбірек жария ету бағытында жұмыс істеуде. Қазақстанның ӨСАБ-ты енгізудегі тәжірибесі мол және ӨСАБ халықаралық басқармасының жоғары бағасына ие. Бенефициарлық құқық жөнінде тренингтер өткізу, мұнай мен газ саудасы, келісімшарттарды мемлекеттік органдарға әрі азаматтық қоғамға ашық көрсетіп жария ету мәселелері бойынша техникалық қолдау көрсетуге дайын екендерін айтты. Ағымдағы жылдың тамызында қайта валидация өтетінін хабарлады және Қазақстан ең жоғарғы бағаға ие болуы ықтимал дегенді айтты.

А.А. Надырбаев сағат 15.00-де өтетін МТҰК отырысы туралы айтты. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Үкімет, компаниялар және үкіметтік емес сектор өкілдері қатысады. Онда 2017 жылғы валидация барысында берілген түзету шараларының орындалуы айтылады.

Р.В. Скляр ӨСАБ стандартының талаптарына сәйкес келуге ұмтылысты тағы бір мәрте атап өтіп, ақпаратты ұсынуға дайындық пен көрсетілген қолдау үшін алғысын білдірді.

**Сағат 12.30-да** Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі А.М.Мағауовпен кездесу болды. Оның барысында Марк Робинсон 2020 жылға қарай міндетті түрде ашылуы тиіс деректермен қоса, ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды біріктіру және олардың ӨСАБ талаптарына сәйкестігі туралы айтты.

А.М. Мағауов ӨСАБ іске асырыла бастаған кезде мұнай-газ секторы компаниялары тарапынан түсінбеушіліктер болды, соған қарамастан Энергетика министрлігі бірлесе жұмыс жасауға, сондай-ақ МТҰК жұмысына қатысуға және ақпараттар ұсынуға әр уақытта дайын дегенді айтты.

Марк Робинсон компаниялардың келісімшарттары мен бенефициарлық иелерін, квазифискалды шығындарды ашу туралы ӨСАБ стандартының талаптарын, өзінің еншілес компанияларында мемлекеттік үлес пакеттерін иеленуші ретінде ҚМГ-ның қатысуы, оның МТҰК-те өкілдік етуі, 2019 жылы маусымда Парижде өтетін Жаһандық конференция шеңберінде бекітілетін ӨСАБ стандартының жаңа талаптары жайлы айтып өтті. Сондай-ақ Марк бүгінгі таңда Өзбекстан ӨСАБ мүшелерінің тәжірибесін зерделеуде және ӨСАБ-қа қосылғысы келеді дегенді мәлімдеді. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан үшін

тренинг өткізу жоспарда бар деді.

А.М. Мағауов осы мәселелердің барлығы Энергетика министрлігі мен Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің ішінде әріптестермен талқыланатынын айтып, әріптестік үшін алғысын білдірді.

Осы күні сағат **15.00-де** ҚР ИИДМ алаңында Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесінің (МТҰК) кезекті отырысы өтті. Оған ӨСАБ Халықаралық хатшылығының Атқарушы директоры Марк Робинсон, Валидация жөніндегі директор Алекс Горди, Парламент, Үкімет, азаматтық қоғам мен өндіруші компаниялар тарапынан МТҰК мүшелері қатысты. Марк Робинсон Қазақстанда ӨСАБ-ты іске асырудағы табыстар мен оның аймақтық қана емес, жаһандық деңгейде де ілгерілегені үшін алғыс білдірді. Атап өтетіні, басты талабы компаниялардың келісімшарттары мен түпкілікті бенефициарларын ашу болып табылатын ӨСАБ стандартына сәйкес, деректерді жариялауды кеңейту бағытында жұмыс жүргізілген болатын. Қазақстанның тәжірибесі мол және басқа елдерге үлгі боларлықтай алдыңғы қатарда дегенді айтты. Бенефициарлық құқық, минералдық ресурстар саудасы, келісімшарттарды жария ету мәселелері бойынша техникалық қолдау көрсетуге дайын екендерін білдірді. 2019 жылғы 13 тамыздағы қайта валидация басталғанға дейін жоғары баға алу үшін түзету қажет бірқатар ұсынымдар бар. Сондай-ақ, МТҰК отырысында күн тәртібіне сәйкес Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы әрі МТҰК төрағасының орынбасары А.А. Надырбаев 2019 жылғы 13 тамыздағы қайта валидацияға дайындық және 2017 жылғы валидация барысында Халықаралық басқарма берген түзету шараларының жай-күйі, прогресс пен проблемалық мәселелер туралы ақпарат берді. МТҰК-тің Валидация жөніндегі жұмыс тобының жұмысы туралы ҮЕҰ тарапынан МТҰК мүшесі Диана Окременова баяндады.

Валидация жөніндегі директор Алекс Горди алда болатын 2019 жылғы 13 тамыздағы қайта валидация үшін жасалатын түзету шаралары туралы презентация жасады және түзетулер негізінен техникалық және безендіру сипатында екенін атап өтті. Бенефициарлық құқық жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы мүшелерінің Манила қаласында (Филиппины) өткен тренингке қатысуы туралы, бенефициарлық құқық бойынша халықаралық талаптар және Бенефициарлық құқық жөніндегі жол картасының іске асырылуы туралы «Қазгеоақпарат» РҒАО» ЖШС бас директоры, ӨСАБ Ұлттық хатшылығының жұмысын үйлестіруші Жанат Карибаев сөз етті. 2019 жылы Қазэнерджи энергетика апталығы шеңберінде ӨСАБ бойынша X Ұлттық конференцияны өткізу туралы «Kazenergy» қауымдастығының Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры, МТҰК мүшесінің орынбасары Бауыржан Өмірзақов айтты. Отырыс хаттамасымен ӨСАБ Ұлттық сайтында танысуға болады <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council/minutes-of-meetings>

Сағат **17.00-де** «Қазақстан Темір Жолы» (ҚТЖ) ұлттық компаниясында бас инженер Б.К. Котыревпен және құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен кездесу болды.

Кездесу барысында Алекс Горди сапарының мақсаты жайлы, яғни Валидация жөніндегі директор ретінде елде қайта валидациядан өткен кезде

көмек пен қолдау көрсететінін айтты. Қазақстан 12 жылдан астам уақыт ӨСАБ-ты іске асырып келеді. Бұл стандарт тек өндіруші саладан түсетін кірісті ғана емес, тасымалдан түсетін кірістерді де ашуды қамтиды. Бұл деректер, оның ішінде көлемі, маршруттары, тарифтері мен квоталар жыл сайын ӨСАБ ұлттық есебінде жарияланады.

Сондай-ақ, минералдық шикізат түрлері бойынша бөле отырып, тасымал көлемі туралы және одан түсетін табыс туралы деректерді ашып көрсету ұсынылды. Мысалы, ресми интернет-ресурстарда жарияланатын мұнай мен газ бойынша аудиттік тексерістен өткен есептерде көрсету. Бұл ретте, өндіруші салаға қарағанда, тасымалдан түсетін табыс аз, алайда мемлекет өндірілген шикізат құны қалай қалыптасатынын, өндіруден сатуға дейінгі барлық тізбекті ашық жария етуі тиіс дегенді айтты. Елдегі қайта валидацияның нәтижесі, тиісінше ӨСАБ стандартына сәйкестік бағасы осыған байланысты болады.

Б.К. Котырев бұл мәселені және деректердің көлемі мен форматын Ұлттық хатшылықпен жұмыс тәртібінде пысықтауға уәде берді.

**22 мамыр сағат 11.00-де «Қазэнерджи» Мұнай-газ компанияларының ассоциациясы алаңында Шелл, Эксон Мобил, Қарашығанақ, ТШО, Қазақмыс сынды мұнай-газ және тау-кен секторы компанияларының өкілдерімен кездесу өтті.**

Марк Робинсон кездесу қатысушыларымен амандасып, әрқайсысымен жеке-жеке танысты, сондай-ақ Йонас Мобергтен кейін осы лауазымда отырғанына 6 ай болғанын атап өтіп, танысқанына ризашылығын білдірді. ӨСАБ-қа қатысушы елдер арасында Қазақстанның алдыңғы қатарда тұрғанын, сыбайлас жемқорлықпен күрес құралы ретінде ӨСАБ-ты одан әрі дамыту бағдары, елдің инвестициялық тартымдылығы, жалпы және ӨСАБ қызметінен келетін экономикалық қайтымдылық туралы айтты. Осы жылы маусымда Париж қаласында өтетін алдағы Жаһандық конференция шеңберіндегі ӨСАБ Халықаралық басқармасының отырысында Халықаралық басқарманың жаңа төрағасы болып Хелен Кларк (Жаңа Зеландияның бұрынғы Премьер-Министрі) тағайындалады және жаңа ӨСАБ 2019 стандарты бекітілетін болады. Басты мақсат – ӨСАБ бойынша іс-шаралардың тиімді орындалуына оза қол жеткізу бағытында ӨСАБ-ты дамыту, мүдделі тараптар мен қоғам деректерді пайдалана алатындай, ашық деректерді мемлекеттік жүйелерде және кәсіпорындарда біріктіру. ӨСАБ стандартының келісімшарттар мен бенефициарлық иелерін ашу бойынша халықаралық талаптары, оның 2020 жылға қарай міндетті болатыны, бұл талап жаңа келісімшарттарға қатысты, ал қолданыстағыларға ерікті түрде болатыны туралы айтты.

ТМКҚ Атқарушы директоры, МТҰК мүшесі М. Кононов ҚР заңнамасына сәйкес есептілікті уақытында тапсыруға қатысты компаниялардың қызметі, ӨСАБ-тың пайдасы, әлеуметтік жауапкершілік, трансферттік білім беру туралы сөз етті. Сондай-ақ, қолданыстағы және Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекс нормалары енгізілгеннен кейін жасалған келісімшарттарды ашуға қызығушылық білдіретін компаниялардың көп екенін айтты. Мысал етуге болатын келісімшарттарды жариялаған елдер бар ма дегенді сұрады.

Валидация жөніндегі директор Алекс Гордидің айтқаны, мысалға, Моңғолияда мемлекет деңгейіндегі Жұмыс тобының жұмысы шеңберінде құпиялардан басқа барлық келісімшарттарды жариялау туралы шешім қабылданды. Қазіргі уақытта, келісімшарттар және өнімді бөлу туралы келісімдер жарияланған. Қарапайым адамдар келісімшарттар қандай негізде жасалғанын біле алады, бұл әлеуметтік шиеленістерді азайтады. Басқа да мысалдар баршылық.

Б. Өмірзақов энергетика апталығы шеңберінде кезекті ҚазЭнерджи форумы (23-27 қыркүйек) өтетінін, онда қалпына келетін энергия, көмірсутек шикізатын өндіру, тасымалдау бойынша 30-дан астам іс-шаралар өтеді деп жоспарланып отыр. Форум шеңберінде ӨСАБ бойынша Ұлттық конференция өтеді (26 қыркүйек). Форумға Халықаралық басқарманың төрайымы Хелен Кларк және ӨСАБ Халықаралық хатшылығынан әріптестер қатыса алады. Біз ӨСАБ Ұлттық конференциясын халықаралық алаң ретінде пайдаланғымыз келеді. 26 қыркүйекте жоғары деңгейде пленарлық отырыс өтеді. Талқылауға болатын мәселелер мен ұсыныстар күтетіндігін хабарлады.

Жалпы алғанда, кездесу достық қарым-қатынаста өтті, компаниялар елімізде ӨСАБ-ты іске асыруды қолдайтынын білдірді.

Түскі үзілісте азаматтық қоғам өкілдері Д. Окремовамен және Н. Еркаевамен кездесті.

Сағат **15.00-де** Алекс Горди «ҚазТрансОйл» ұлттық компаниясына барды. Экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары Ж.Т.Махинмен және құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен кездесті.

Ж.Т. Махин компанияның қызметі, миссиясы, қауіпсіз көлік қызметін қамтамасыз ету, бақылау рәсімдері мен қағидалары, компанияның ресми сайтында қаржылық тексерілген есепті жариялау туралы айтты. Кірістер, түсімдер, салықтар мен қаражатты бөлу туралы барлық есептерді мемлекеттік органдар растайды, тексереді, мағлұмдайды. Компания үздік салық төлеуші мәртебесіне ие болып, сыйақы иеленді. Бұл басқа компанияларға үлгі және ашықтықтың көрінісі. Мемлекеттік инфрақұрылым объектілерін салу бойынша әлеуметтік жауапты «Самұрық-Қазына» ҰАҚ болып табылады.

Кездесу барысында Алекс Горди өз сапарының мақсатын Қазақстанға валидациядан өтуге көмек көрсететінін, компаниялардың кірістері, айырбас келісімшарттары, квазифискалды шығындары, субсидиялау, акциялар эмиссиясы мен мемлекет немесе ҚМГ берген өтемақы, тасымалдау мен табыс көлемі, тарифтер туралы ақпаратты ӨСАБ бойынша ұлттық есепке не үшін енгізу қажет екенін, жүктемені азайту мақсатында аталған ақпаратты жыл сайын сұрату бойынша ұсынып отырғаннан гөрі, өз интернет-ресурстарында орналастырған жөн екендігін айтты.

Сағат **16.30-да** Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінде А.О. Төлеевпен, халықаралық бөлімнің басшысымен, басқа құрылымдық бөлімшелердің басшылармен кездесу болды.

Кездесу барысында Алекс Горди ӨСАБ-қа қатысушы 52 елде, оның ішінде Қазақстанда валидация өткізудегі және көмек пен қолдау көрсетудегі өзінің рөлін атап өтті. ӨСАБ-тың негізгі бағыты - қазынашылық арқылы түсетін қоса алғанда,



бюджетке түсетін түсімдердің, сондай-ақ бюджеттен алған қаражаттың жұмсалыуының толық айқын болуы. Үкімет деректерін тексеру, аудит жүргізу, қаржылық есептердің сапасы. Сонымен қатар, аталған түсімдерді бухгалтерлік есеп туралы заңға сәйкес есептеп аударылуы бойынша емес, ӨСАБ шеңберінде кассалық әдіспен тексеру қажет екенін атап өтті.

Есеп комитетінің өкілдері жұмыс барысында салықтық тәртіп ескеріледі, мұнай-газ секторының кәсіпорындары бойынша жағдай жолға қойылды, ал тау-кен секторы бойынша әлі де жұмыс жүргізу қажет екенін хабарлады. Айта кететіні, депозитарийдің сайтында мұнай-газ компаниялары бойынша бенефициарлар көрсетілген ақпарат жарияланады. Жалпы келісімшарттарды жариялауға оң көзқарас танытып отыр.

Сағат **17.30-да** «ҚазТрансГаз» ұлттық компаниясында Бюджетті жоспарлау департаментінің директоры С.А.Марековпен және құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен кездесу болды.

Кездесу барысында Алекс Горди Қазақстан ӨСАБ-қа қатысушы 52 елдің қатарында, соңғы жылдары Аргентина мен Мексика қосылғанын айтты. Басында ӨСАБ стандарты тек бюджетке түсетін төлемдер мен түсімдерді ғана салыстырып тексеруді қамтыған, ал қазіргі кезде аясы кең, яғни өндіру, тасымалдау, маркетинг, квазифискалды шығындар, шикізатты сату енген. Қазақстан ӨСАБ-ты іске асыруда елеулі прогреске қол жеткізді. Бірақ ӨСАБ халықаралық талаптарына толық сәйкес келу үшін бірқатар түзету шараларын жүзеге асыру қажет. Атап айтқанда, Ресеймен және Өзбекстанмен айырбас келісімдерін, айырбас операциялары шеңберінде жеткізілетін газ көлемін ашып көрсету қажет. Сондай-ақ ҚМГ мен ҚТГ арасындағы қаржылық операциялар туралы көрсету қажет, егер жылдық есептерде қамтылған болса, онда ресми сайтқа сілтеме жасау жеткілікті.

С.А. Мареков тексерілген есептерде мұндай ақпарат жоқ, сұрау жасау қажет екенін айтты. Айырбас операциялары шеңберінде ҚМГ – «ГазПром» мен «Өзбекмұнай» арасындағы Үкіметаралық келісім бойынша Қарашығанақ газына айырбасталған Ресей мен Өзбекстаннан келген импорт көлемі көрсетілген (теңбе тең, қосымша көлем мен аударымдарсыз).

Сондай-ақ, түсімдер, тасымал бағыттары, ГМК арасындағы өзара қаржылық іс-қимылдар, қарыздар, субсидиялар, берешек міндеттемелер бойынша кепілдіктер, залалдар, квазифискалды шығындар жөнінде мәселе көтерілді.

**23 мамырда сағат 9.30-да** ӨСАБ бойынша бюджеттік бағдарлама шеңберінде ӨСАБ Ұлттық есептерін дайындайтын Тәуелсіз әкімші «UNY SAPA Consulting» өкілі С. Сейтмағзимовамен және төлемдер жөніндегі деректермен салыстырып тексеру үшін түсімдерді қалыптастыратын ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілдері А.Рахметовамен, А. Саринамен, Ж. Катиковамен кездесу болды.

Алекс Горди өзінің келу мақсаты 2019 жылғы тамыздағы валидацияға қолдау және көмек көрсету екенін атап өтті.

Одан кейін Алекс салыстырып тексеру үшін аудитордан деректердің дұрыстығы мен толықтығы туралы ресми өтініш тиіс. 2017 жылғы валидация барысында берілген 10 түзету шараларына қатысты олардың әрқайсысы бойынша

толықтыру қажет деп пікірін білдірді.

Берілген лицензиялар/ жасалған келісімшарттар, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқығы басқа компанияларға берілгендер саны туралы ҚР ЭМ мен ҚР ИИДМ-ға сұрау хат жолдау қажет. Бұл ретте, ықтимал ауытқулар/бұзушылықтар бойынша баған қосып, осы ақпаратты көруге болатын сайттарға сілтеме жасау қажет.

2.3-талабы бойынша лицензия/келісімшарт берілген күн міндетті түрде көрсетілуі тиіс, егер қолданыстағылар үшін аталған рәсім күрделі болса, онда заңнамаға сәйкес өтінім беретін соңғы күнді көрсету қажет. EXSEL форматында кесте жасап, оны сайтта жариялау тиіс.

Квазифискалды шығындар бойынша ХВҚ-қа сәйкес анықтама беру қажет, Самұрық-Қазына мен ұлттық компаниялар арасындағы өзара қаржылық іс-қимылдарды көрсету қажет, дивидендтер бойынша егер дивидендтер төленбесе, бағандарды бос қалдырмай, түсініктемесін жазу қажет. Сондай-ақ, ұлттық компаниялардың дивидендтер, құнды қағаздар мен акциялардың эмиссиялары бойынша қандай заңнамаға сәйкес дербес шешім қабылдауға құқықтары бар ма, мемлекеттік қарыз, өтеу мерзімдері туралы көрсету, егер жалпыға қолжетімді болса, сілтеме беру қажет.

ҚР ҚМ МКК өкілдерімен салыстырып тексеру, МКК басшылығының қолымен дұрыстығын растай отырып, түсімдер тізімін беру мәселелері талқыланды. Алдағы уақытта берекқорларды БМБЖ немесе ҰДБ-ға біріктіру жайы айтылды.

МКК өкілдері салыстырып тексеру есептеп аудару бойынша емес, ӨСАБ-қа арналған кассалық әдіспен жасалған төлемдер жөніндегі деректер негізінде жүзеге асырылатынын айтты. Жүктеп алу компаниялардың БСН-дері арқылы жүргізіледі, сондай-ақ дербес шоттар жүктеп алынады. Бұл ретте, Дербес шоттар бойынша төлемдер жоқ, олар БСК бойынша тізілімнен алынатыны айтылды. Сондай-ақ, Есеп комитеті есептеп аударылған және кассалық төлемдер бойынша тексеріс жүргізетіні айтылды.

Өндіру көлемі мен олардың құнына қатысты споттық бағалары бойынша есептеуге болады. Әлеуметтік шығындарды 3-2-кестеде келісімшарттардың талаптары бойынша және облыс әкімдіктерімен жасалған меморандумдар шеңберіндегі қосымша шығындарға бөлу қажет, сонда 5-қосымшада берілген деректер арасындағы айырма түсінікті болады.

Сағат **14.30-да** «Қазгеология» ұлттық компаниясында Басқарма төрағасы А.А. Абылғазинмен, Басқарушы директор Б.А. Мударисовпен және құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен кездесу өтті.

Кездесу барысында Б. Мударисов Б. жер қойнауын кешенді геологиялық зерттеу және қатты пайдалы қазбалар мен жерасты сулары саласындағы елдің минералдық-шикізат базасының толығын қамтамасыз ету, Қазақстанның жер қойнауын кешенді геологиялық зерттеу жолымен ұлттық байлықты көбейту және елдің минералдық-шикізат базасының ұдайы молаюын қамтамасыз ету туралы компанияның қызметі, мақсаты мен міндеттері туралы презентация жасады.

Алекс Горди Қазгеология есептері ӨСАБ талаптарына толық сәйкес келетінін айтты. Сонымен бірге, ол мемлекетпен өзара қаржылық іс-қимыл

кезінде туындайтын Қазгеологияның міндеттемелері, сондай-ақ ӨСАБ есептерін дайындауға қажет ақпаратты ашық жариялап, қолжетімді ету талаптары және ақпараттың өзіне қойылатын талаптар туралы айтты. Қаржылық құжаттаманы ашық жариялау мен есептілікті қалыптастыруға негізделген айқындық шетелдік инвесторлар тарапынан қазақстандық компанияларға деген сенімді арттыратын қосымша шаралардың бірі екенін түсінген дұрыс. Компаниялар ӨСАБ бойынша есептерін ұсынатын «Жер қойнауын пайдалануды басқарудың мемлекеттік бірыңғай жүйесі» интеграцияланған ақпараттық жүйесі (БМБЖ) кез келген адамға онлайн режимде қолжетімді.

**Сағат 15.30-да** ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінде кездесу өтті. Кездесуге Халықаралық статистикалық ынтымақтастық басқармасының бастығы М. Тажикенов және құрылымдық бөлімшелердің басшылары қатысты. ӨСАБ шеңберінде заттай және құндық мәніндегі экспорт көлемі, өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлеміндегі өндіруші сектордың үлесі, салалардағы жұмыспен қамтылу, оның ішінде гендерлік бөлініс, шикізат ресурстарының саудасы туралы статистикалық ақпаратты ұсыну мәселесі көтерілді.

Статистика комитетінің өкілдері барлық талап етілетін ақпарат экономикалық қызмет сыныптамасы бойынша кәсіпорындардың есептері негізінде қалыптасатынын және Комитеттің ресми интернет-ресурсындағы ай сайынғы, тоқсандық, жылдық (1 шілдеге дейін) бюллетеньдер және басқа да анықтамалық материалдар мен есептерде жарияланатынын айтты. Жан-жақты жіктелген ақпаратқа қатысты айтсақ, ол қабылданған стандарттарға сәйкес 5-деңгейге дейін қалыптастырылады. Одан да жіктеліп қаралған кезде кәсіпорындар ұсынатын өнеркәсіптік өнімнің орташа жылдық бағасы пайдаланылады.

**Сағат 17.00-де** Ақпараттық технологиялар және мемлекеттік көрсетілетін қызмет департаментінің директоры А. Аралбаевпен, БМБЖ әзірлеушілерімен және салалық басқармалардың басшыларымен кездесу болды.

А. Аралбаев Департамент бекітілген НҚА-ларға сәйкес сала мамандары әзірлейтін нысандарды жүйеге енгізуге және сүйемелдеуге жауапты екенін айтты. Бұл ретте, қазіргі уақытта халыққа түсінікті әрі қолжетімді талдау құралдарының қосымша функцияларын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде. БМБЖ-дегі есептердің дұрыстығы компанияның бірінші басшыларының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) расталады. Сондай-ақ, мысалға, ЛКТ есептеріндегі салықтар бойынша деректерді жүйеге рұқсаты бар МКК тексереді. Статистика комитетімен және Әділет министрлігімен жеке және заңды тұлғалар бойынша деректерді e-gov жүйесімен біріктіру жұмыстары жүргізілуде. Карталарды, интерактивті инфографиканы визуалдау міндеті тұр. Болашақта Ұлттық деректер банкімен біріктіру жоспарда бар.

**24 мамыр сағат 9.30-да** «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-да болған кездесу барысында компания жер қойнауын пайдалануға арналған 13 келісімшарт пен лицензия шеңберінде жұмыс істейтіні, оның алтауы барлауға және жетеуі өндіруге арналғаны айтылды (бір келісімшарт бойынша өндіру жүргізілуде, қалған жобалар жобалау және құрылысын салу кезеңінде).

Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ қызметі Қазақстан Республикасының Қор туралы Заңымен реттеледі, өз кезегінде, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Компанияны құру туралы ҚР Үкіметінің қаулысын, Компанияның даму стратегиясын, Жарғысын және Қарым-қатынасты, оның ішінде инвестициялық жобаларды қаржыландыруды реттейтін ішкі регламенттерді басшылыққа алады.

Компанияның негізгі шешімдері Директорлар кеңесі және Компания Басқармасының атқарушы органы – Басқарма органы аясында алқалы түрде қабылданады. Басқару органының қызметі мерзімдік есептерде көрініс табады және Компанияның ресми интернет-ресурсында жарияланады. ӨСАБ шеңберіндегі қосымша ақпарат мемлекеттік органдардың және бөгде ұйымдардың ресми сұрауларына сәйкес жүзеге асырылады.

Осылайша «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ қызметі айқындық қағидаларына сәйкес келеді. Мұны «Қазақстанның ірі компанияларының ашықтығы рейтингінде» 2019 жылы 15 компанияның ішінен III орын алғаны туралы берілген Диплом растайды.

**Сағат 10.30-да** «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясында қаржылық бақылаушы Д.А. Қожа-Ахметпен және басқа да компаниялардың өкілдерімен кездесу болды.

Алесь Горди Қазақстандағы алдағы валидация туралы айтты және өткен кездесулерде қойылған ұқсас сұрақтарды қойды.

Компаниялар өкілдерінің квазифискалды шығындарды нақты айқындауға қатысты қойған сұрақтарына Алесь түсінік берді. Айтылғаны, компаниялардың әлеуметтік маңызы бар объектілерді салуға арналған, мемлекет өтемейтін шығындары квазифискалды шығындарға жатады. Мысалы, ҚМГ ішкі нарыққа бензинді нарықтағыдан төмен бағамен шығарады және сол үшін мемлекеттен өтемақы алмайды.

Сонымен қатар, ӨСАБ бойынша Ұлттық есептің 3 және 4-қосымшаларында көрсетілген әлеуметтік шығындар бойынша ақпаратты қайталамау мәселесі көтерілді.

**2018 жылғы Ұлттық есепті шығару.** 2018 жылғы ӨСАБ бойынша 14-Ұлттық есепті (бұдан әрі – Есеп) дайындау бойынша 100 бюджеттік кіші бағдарламаны іске асыру мақсатында ҚР МТҰК мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес, оны даярлайтын, салыстыра тексеру жүргізетін компанияны тарту үшін Техникалық тапсырманы бекітті (ҚР МТҰК-тің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 75 хаттамасы).

ӨСАБ Ұлттық хатшылығы 2018 жылғы 14-Ұлттық есепті даярлау жұмыстарына жетекшілік етеді. 2018 жылғы ӨСАБ Ұлттық есебіне қосымшалар жөнінде ақпараттық деректер жиналып, Техникалық тапсырмаға сәйкес Тәуелсіз Әкімшіге берілді. Жұмыс кестесіне сәйкес Есептің бастапқы жобасы 15 шілдеден 10 қыркүйекке дейін, аралық және соңғысы – Жұмыстар графигі бойынша 5 қазанға дейін. ҚР МТҰК бекіткеннен кейін ол ӨСАБ Ұлттық сайтына жарияланатын болады.

**Прогресс.** 6.2-талапқа сәйкес Үкімет және МТҮК мемлекеттік кәсіпорындар барлық елеулі квазифискалды шығындарын ашуын қамтамасыз етуі тиіс. Квазифискалды шығындарға мемлекеттік кәсіпорындарды ұлттық бюджеттік үдеріспен қоса, әлеуметтік қызмет көрсетуге, мемлекеттік инфрақұрылымға, отын субсидияларына, мемлекеттік қарызға қызмет көрсету сынды мемлекеттік әлеуметтік шығындарды жүзеге асыруға міндеттейтін келісімдер кіреді. Мүдделі тараптардың көп тарапты тобы басқа төлемдер мен кірістер ағынының ашықтығымен шамалас айқындық деңгейіне қол жеткізу есебі бар есептілік процесін әзірлеуі тиіс және МК-нің еншілес фирмалары мен бірлескен кәсіпорындарын қосуы қажет.

Салыстырып тексеру жөніндегі жұмыс тобы ӨСАБ Ұлттық хатшылығымен бірлесе ұлттық компанияларға, оның ішінде мемлекеттің үлесі 100 % еншілес және меншігінде мемлекеттік үлес бар компанияларға арналған квазифискалды шығындар жөніндегі есеп нысанын әзірледі.

### Квазифискалды шығыстар бойынша есеп

№	Мемлекет үлесі (%-бен)	Облыс, қала, аудан	Мемлекеттік меншік үлесі бар Компанияның, Ұлттық компанияның/холдингінің атауы	Шығыстар атауы (әлеуметтік қызметтер, мемлекеттік инфрақұрылым, жұмыспен қамтамасыз ету, отын субсидиялары, мемлекеттік қарызды қайтару және т.б.)	Іс-шаралар (жоба, бағдарлама, әлеуметтік объект және т.б.) атауы	Аяқталу мерзімі	Жоспарланған сома (мың теңге және (немесе) табиғи нысанда)	Нақты аударылған сома (мың теңге және (немесе) табиғи нысанда)	Алушы (ұйым/мекенжай/деректемелер)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

### Ескертпе

- Әлеуметтік қызметтер – қайырымдылық, демеушілік қолдау, спорттық, мәдени, ағартушылық және басқа да іс-шаралар;
- Мемлекеттік инфрақұрылым – мемлекеттік маңызы бар әлеуметтік объектілерді салу, күрделі жөндеу, қызмет көрсету, ұстау;
- Жұмыспен қамту – жұмыс орындарын ұсыну немесе компанияға қажет мөлшерден жоғары, тиісті жұмыс аясынан тыс, өз қызмет түрлерімен байланысты функциялар жүзеге асыру. Банк қарыздары есебінен немесе өзара берешекті жинақтау жолымен нарықтағыдан жоғары еңбекақы мөлшерлемелерін төлеу;
- Отын субсидиялары – шикізатты жеткізудің нарықтық бағасы мен жеткізудің нақты бағасы арасындағы айырмашылық;
- Мемлекеттік қарызға қызмет көрсету – валютаның айырбас бағамын тұрақтандыру шараларынан, үкіметке пайызсыз және жеңілдікпен берілген несиелерден, коммерциялық банктерге қолданыста жоқ несиелерге қызмет көрсетуге берілген қайта қаржыландыру несиелерінен

келген залалды төлеу, жеңілдікті мөлшерлеменен ауылшаруашылық, өнеркәсіптік, тұрғын үй бағдарламаларын қаржыландыру, т.б.

Аталған нысан есепті онлайн режимінде ұсыну үшін БМБЖ жүйесіне енгізілді және мүдделі тараптар мен кез келген тұлғаға қолжетімді болады.

### **Аналитикалық зерттеу.**

Диалогтық алаң модераторы М.Лобачев «Жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестициялары. Ашықтық және қоғамдық қатысу мәселелері» зерттеуі жүргізілді. Аталған есеп өңірлер мен жергілікті инфрақұрылымның әлеуметтік дамуына арналған жер қойнауын пайдаланушылардың шығыстарын жоспарлау, бекіту, орындау және есептілік процесін зерттеу қорытындылары бойынша дайындалды <http://www.echo.kz/useful-materials-ru/research-ru/139-otchet-po-cotcinvestitciyam.html> .

Аталған зерттеудің мақсаты әлеуметтік инвестицияларды іске асыру мен ашықтықты қамтамасыз етуді іске асыруда қоғамдық қатысудың тиімді тетіктерінің болуын анықтау болды.

Аталған зерттеудің міндеттері:

- Жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестицияларға арналған жер қойнауын пайдаланушылардың құрылымы нені білдіретінін анықтау;
- Жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік инвестицияларды іске асыруда қоғамның қатысудың тиімді тетіктерінің болуын анықтау.
- Әлеуметтік инвестицияларды бөлу және жұмсау үдерістерінің ашықтығын бағалау.

ӨСАБ ықпалдастыруға арналған ауысу үшін негіздемені дайындау барысында ӨСАБ Ұлттық Секретариаты Қазақстанның ықпалдастыруға дайындығы бойынша жағдай талданды және келесі негіздеме жасалды.

Қазақстанның ӨСАБ ықпалдастыруға дайындығын пилоттық зерттеу жүргізу барысында 2017 жылы Эрнст энд Янг компаниясы мониторингтік жүйені, оның ішінде ашық және қолжетімді деректер белгіленді, қолданыстағы ақпараттық жүйелер мен интернет-ресурстардың ӨСАБ стандартының талаптарына сәйкестігіне матрица жасалды <http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/mainstreaming> .

ӨСАБ ықпалдастыруға өтуге дайындық ӨСАБ жаңа талаптарын енгізу жөніндегі Жұмыс тобының, мүдделі тараптар мен қоғамның Жұмыстық отырыстарында (2019 жылғы 18 қаңтардағы Алматы және 2019 жылғы 30 қаңтардағы Астана), 2019 жылғы 13 ақпандағы «Қазақстандағы ӨСАБ жаңа талаптарын ендіру және іске асыру» диалогтық алаңында талқыланды <http://eiti.geology.gov.kz/ru/about-us/eiti-news-kazakhstan> .

Ұлттық Мүдделі тараптардың Кеңесі (ары қарай - МТҰК) 2019 жылғы 14 ақпанда МТҰК отырысында ӨСАБ-ты ықпалдастыруға өтуге негіз бен Жұмыс

Жоспарларының жобалары қарастырылып, шешім қабылданды:

1. МТҰК мүшелерінің пікірлері мен Халықаралық ӨСАБ Секретариатының ұсыныстарын ескере отырып, ӨСАБ-ты ықпалдастыру жөніндегі Жұмыс жоспары мен негіздеме өңделсін;
2. Тиісті құжаттарды ӨСАБ ықпалдастыруға өту рәсімдері бойынша Халықаралық ӨСАБ Басқармасына тиісті құжаттар жіберілсін.

ӨСАБ-ты іске асыру кезеңінде Қазақстанда (2005 жылдан бастап осы уақытқа дейін) ӨСАБ Стандартының талаптары бойынша мәнмәтіндік бөлік пен компания мен Үкіметтің бюджетке төлемдері мен түсімдері бойынша деректерді салыстырудан тұратын 13 Ұлттық ӨСАБ Есебі жарияланды. ӨСАБ Ұлттық Есептерін дайындау үшін ӨСАБ жыл сайын мемлекеттік сатып алу туралы заңнама бойынша конкурстық негізде тәуелсіз аудиторлық компания тартылады.

2014 жылы елде сүйемелеуді Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Бірыңғай Мемлекеттік Жер қойнауын пайдалануды Басқару Жүйесінің (ары қарай - БМЖқпБЖ) онлайн-жүйесі енгізілді. Аудитор растаған ӨСАБ есептілігін ӨСАБ-тағы жер қойнауын пайдаланушы компаниялар ұқынады және барлық қызығушылық танытқан тұлғаларға және кез келген тұлғаға онлайн режимінде қолжетімді [http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/appendix\\_1\\_5.jsf?faces-redirect=true](http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/appendix_1_5.jsf?faces-redirect=true).

ӨСАБ есептілігінің деректері:

- бюджетке салықтық және салықтық емес төлемдерді;
- шетелдік валютадағы төлемдерді;
- меншіктегі мемлекеттік үлестің дивидендтерін;
- әлеуметтік жобаларға арналған шығындарды;
- квазифискальды шығыстарды қамтиды.

Келісімшарт түрі мен нөмірі, әрекет ету мерзімі, лицензиар, кен орны, қызмет, облыс пен компонент түрін көрсету арқылы ӨСАБ-қа қатысушы ғана емес, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар тізілімі бойынша барлық компаниялардың ақпараты ҚР ИИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің сайтында қолжетімді: 01.01.2019 жылға арналған көміртекті шикізат бойынша тізім <http://geology.gov.kz/ru/presstsentr/informatsiya/nedropolzovateli-respubliki-kazakhstan/category/uglevodorodnoe-syre-2>

01.01.2019 жылға арналған қатты пайдалы қазбалар бойынша тізім <http://geology.gov.kz/ru/presstsentr/informatsiya/nedropolzovateli-respubliki-kazakhstan/category/tverdye-poleznye-iskopaemye-2>

Мұнда бір компания бірнеше келісім жасауы мүмкін, сондай-ақ бір келісімшарт бірнеше объектіге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына ие болуы мүмкін екендігін айта кеткіміз келеді.

2018 жылғы шілдеден бастап соңғы бенефициарларды ашу бойынша ӨСАБ-тың негізгі талаптарының бөлігінде нормалар қарастырылған Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекс күшіне енді. Жер қойнауын пайдаланушыларды тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есеп БМБЖ жүйесінде іске асырылған <http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/home.jsf>

Бенефициарлық құқықты іске асыру бойынша Жол картасындағы іс-шаралар бойынша компаниялар тізілімі мен бенефициарлық иегерлер туралы ақпарат есептілікте құрылатын болады, деректерді верификациялау, оны ҚР заңнамасы аясында және ӨСАБ стандартының халықаралық талаптарын ескере отырып ашу және жариялау туралы мәселе әзірленуде.

ИНТЕРАКТИВТІ КАРТА іске қосылды <https://gis.geology.gov.kz/geo/>, онда қатты пайдалы қазбалардың, көміртекті шикізаттың, жерасты сулардың, кең таралған пайдалы қазбалардың және мемлекеттік геологиялық зерттеудің қолданыстағы объектілері орналастырылған. Келіп түскен өтінімдер, ұсынылған объектілер бойынша оңайлатылған тәртіпте аумақтар, аукционға, қамтылған және әлсіз зерттелген объектілер бөлінген. Келісімшарт нөмірін, қызмет түрін, пайдалы қазба түрін, жер қойнауын пайдаланушы туралы деректерді, сондай-ақ оның деректемелерін қамтитын деректер бар.

Цифрлық геологиялық-геофизикалық ақпаратты шоғырландырған Ұлттық дерекқорының (ары қарай - ҰД) қызметінің функционалы өзекті және қолжетімді геологиялық ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ онлайн режимінде барлау мен өндіруге арналған лицензияларды беруге мүмкіншілікті береді. Сонымен қатар, ҰД-дегі компаниялар ұсынған жер қойнауын пайдалану саласындағы есептілік қолданыстағы мониторингтік жүйелердің (БМБЖ) басқа есептіліктерімен ықпалдастырылады.

ҰД заманауи ақпараттық технологияларды қолдану негізінде жер қойнауын пайдалану саласындағы мәліметтерді автоматты енгізу, өзектендіру, сақтау және талдауға және осы ақпаратты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына және жер қойнауын пайдалану саласындағы үдерістердің тиімділігін арттыру міндеттерін шешу үшін басқа мүдделі ұйымдарға беруге арналған.

Автоматтандыру объектілері болып Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, өңіраралық департаменттер, ведомстволар, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті, республикалық маңыздағы қалалар, облыстар, астана табылады. Жүйенің пайдаланушылары болып әлеуетті жер қойнауын



пайдаланушылар, эмитенттер, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алушылар, лицензияларды ұстаушылар мен операторлар, геологиялық ақпаратты алуға қызығушылық танытқан компаниялар, тәуелсіз сарапшылар, ассоциациялар, зертханалар, жобалық ұйымдар және өзге тұлғалар табылады.

ҰД негізгі маңызы көміртекті шикізат, қатты пайдалы қазбалар, кен таралған пайдалы қазбалар, көмір, уран, жерасты сулары сияқты Қазақстан Республикасының минералдық ресурстары қорларының жай-күйін мониторингтеуге мүмкіншілік беретін мәліметтерді аккумуляциялау мен шоғырландыру, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғалардың қызметін қадағалау, рұқсат беруші және лицензиялық рәсімдер бойынша бизнес-үдерістерді автоматтандыру және геологиялық мәліметтерді жинақтау болып табылады.

ҰД құру мүдделі тараптардың геологиялық ақпаратқа еркін қол жеткізуді іске асыруға мүмкіншілік береді. Лицензияларды ұстаушылар, операторлар бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы барлық ақпарат, берілген лицензиялар, рұқсаттар, хабарламалар мен өтінімдер туралы ақпарат Жүйеде жариялануы тиіс, ол жер қойнауын пайдалану саласында ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді. Барлық жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің соңғы бенефициарларын жариялауы, Жүйеде тұлғалар құрамы мен (немесе) ұйымдардың, жер қойнауын тікелей немесе жанама бақылайтын қызмет өзгерістерін белгілеуі, оператор тағайындалған жағдайда хабарлауды, тағайындалған операторлар туралы мәліметтерді сақтауды, жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы бойынша мәмілелерді (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), таратылған аумақтар туралы мәліметтерді қамтуы тиіс. Жүйеде есептілік пен жобалық құжаттаманы жүргізу және беру Жер қойнауын пайдаланушыға өзінің қаржылық көрсеткіштерін болжауға, ал мемлекеттік органға лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерді орындау мониторингін жүзеге асыруға мүмкіншілік береді. ҰД жер қойнауын пайдаланушылармен жедел коммуникацияны жүзеге асыруға, өтіп жатқан оқиғалар мен міндеттер туралы хабарлауға мүмкіншілік береді.

АШЫҚ ДЕРЕКТЕР порталы <https://data.egov.kz/> бар, онда Орталық және жергілікті атқарушы органдарың ақпараты қолжетімді:

Энергетика министрлігі (кадрдың, тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің, мұнай және газ өндіру көлемінің, мұнай-газ компанияларының, атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларының, электр энергиясын беру, бөлу және тасымалдауды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың тізілімі, жаңартылатын энергия көздері, қоршаған ортаға эмиссиялардың рұқсаттар тізімі, су объектілерінің ластану көрсеткіштері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қорлары және басқалар).

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (қатты пайдалы

қазбалар кен орындарының тізілімдері, көмірсутек шикізаты, минералды ресурстардың болжамдық статистикалық мәліметтері, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың тізілімі, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі статистикасы, экспорттық бақылауға жататын өнімдердің импорты, коммерциялық емес мәселелер бойынша шығарылған пікірлердің саны Қазақстан Республикасының аумағында бағалы металдар бар тауарларды қайта өңдеудің орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындылар және басқалар).

- Әділет министрлігі (заңды тұлғалардың, филиалдардың, Қазақстан өкілдіктерінің тіркеу деректері (заңды тұлғаның атауы мен тіркеу күні, сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды мекенжайы (тіркеу кезінде орналасқан жері), қызмет түрі, аты-жөні, халықаралық ынтымақтастық туралы ақпарат (жобалардың, елдердің, бюджет атауы), заңнаманы жетілдірудің жетілдірілген тұжырымдамалары туралы ақпарат және басқалар).

- Қаржы министрлігі (Мемлекеттік бюджет, Тауарларды, жұмыстарды, қызметтердің Жылдық мемлекеттік сатып алудың жоспары, ішкі және сыртқы қарыздар, Ұлттық Банктің қарыздары, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары, Үкіметтің қарыздары, өткізілген ішкі мемлекеттік аудиттің қорытындылары, республикалық объектілерді сату бойынша сауда-саттық туралы есептер мүлік, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Жылдық есебі және т.б.)

- Өзге мемлекеттік органдар.

Сондай-ақ экономика салаларының санаттары (жұмысқа орналастыру және жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту, халыққа қызмет көрсету, экономика және бизнес, көлік және коммуникация, өнеркәсіп, экология, әлеуметтік қызметтер және әлеуметтік қамтамасыз ету және т.б.) бойынша ашық деректер.

ӨСАБ стандарты талап ететін ақпаратты ашу үшін келесі ресми Интернет-ресурстар пайдаланылуы мүмкін:

Мемлекеттік орган	ӨСАБ маңызды талаптары	Ресми сайт	Интернет-ресурсқа сілтеме
<b>ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі</b>			
Жер қойнауын пайдалану департамент	жер қойнауын пайдалану құқығын ұсыну: берілген лицензиялардың тізілімі, берілген өтінімдер тізілімі	<a href="http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru">http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru</a>	<a href="http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru/kategorii/reestr-vydannyh-licenzii">http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru/kategorii/reestr-vydannyh-licenzii</a>
Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті	Пайдалы қазбаларды геологиялық	<a href="http://info.geology.gov.kz/ru/">http://info.geology.gov.kz/ru/</a>	<a href="http://geology.miid.gov.kz/ru/pages/upravlenie-geologicheskogo-izucheniya-nedra">http://geology.miid.gov.kz/ru/pages/upravlenie-geologicheskogo-izucheniya-nedra</a>

	барлау жөніндегі ақпарат		
<b>ҚР Энергетика министрлігі</b>			
Жер қойнауын пайдалану департаменті	мұнай, газ, конденсат, уран, көмірді өндіру, қайта өңдеу, экспорттау көлемдері	<a href="http://energo.gov.kz">http://energo.gov.kz</a>	<a href="http://energo.gov.kz/index.php?id=21482">http://energo.gov.kz/index.php?id=21482</a>
Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет	Қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетеньдер	<a href="http://energo.gov.kz">http://energo.gov.kz</a>	<a href="http://energo.gov.kz/index.php?id=2964">http://energo.gov.kz/index.php?id=2964</a>
<b>ҚР Қаржы министрлігі</b>			
	ІЖӨ, бюджет кірістері – шығыстары, өнеркәсіптік өндірістің көлемі, салықтық және салықтық емес түсімдер, бюджетті орындау, түсімдер, экспорт, импорт, ұлттық қор	<a href="http://www.minfin.gov.kz">http://www.minfin.gov.kz</a>	<a href="http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous">http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous</a>
Мемлекеттік кірістер комитеті	анықтамалар, салықтар мен бюджетке кірістер	<a href="http://kgd.gov.kz/ru/">http://kgd.gov.kz/ru/</a>	<a href="http://kgd.gov.kz/ru/content/spravochniki-0">http://kgd.gov.kz/ru/content/spravochniki-0</a>
Қаржы мониторингі жөніндегі комитет	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (ақшаның жылыстауы) бөлігінде НҚА	<a href="https://kfm.gov.kz/ru/">https://kfm.gov.kz/ru/</a>	<a href="https://kfm.gov.kz/ru/regulatory-framework/is-the-current-legislation/">https://kfm.gov.kz/ru/regulatory-framework/is-the-current-legislation/</a>
<b>ҚР Ұлттық экономика министрлігі</b>			
Статистика жөніндегі комитет	тау-кен өндіруші өнеркәсіп және кеніштерді іздіктеу, шикі мұнай мен табиғи газды өндіру, металл кендерін өндіру, өндіріс көлемдері,	<a href="http://stat.gov.kz">http://stat.gov.kz</a>	<a href="http://stat.gov.kz/faces/">http://stat.gov.kz/faces/</a>

	экспорт, саны		
<b>ҚР қоғамдық даму министрлігі</b>			
Азаматтық қоғам істері комитеті	ҮЕҰ-мен өзара әрекет ету, әлеуметтік тапсырыстар, тапсырыстар, ҮЕҰ гранттар	<a href="https://akk.qogam.gov.kz/ru">https://akk.qogam.gov.kz/ru</a>	<a href="https://akk.qogam.gov.kz/ru/content/koordinacionnyy-sovet-po-vzaimodeystviyu-s-npo">https://akk.qogam.gov.kz/ru/content/koordinacionnyy-sovet-po-vzaimodeystviyu-s-npo</a>
<b>ҚР республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті</b>			
	мемлекеттік аудит объектілерінің тізімі, Есеп комитетінің жылдық есебі	<a href="http://esep.kz/rus">http://esep.kz/rus</a>	<a href="http://esep.kz/rus/show1/article/26">http://esep.kz/rus/show1/article/26</a>
<b>Ұлттық компаниялар</b>			
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ	құрылым, Жылдық есеп	<a href="https://sk.kz/">https://sk.kz/</a>	<a href="https://sk.kz/about-fund/otchety-i-plany/">https://sk.kz/about-fund/otchety-i-plany/</a>
«ҚазМұнайГаз» ҰК	Құрылым, еншілес компаниялар, Жылдық есеп	<a href="http://www.kmg.kz/">http://www.kmg.kz/</a>	<a href="http://kmg.kz/self/annual_report_2017/ru/index.html">http://kmg.kz/self/annual_report_2017/ru/index.html</a>
«ҚазАтомӨнеркәсіп»	Құрылым, еншілес компаниялар, геологиялық барлау, өндіру, сирек металдар, мәмілелер	<a href="http://www.kazatomprom.kz/ru">http://www.kazatomprom.kz/ru</a>	<a href="http://www.kazatomprom.kz/ru/content/geologicheskaya-razvedka">http://www.kazatomprom.kz/ru/content/geologicheskaya-razvedka</a>
«Тау-кен-Самұрық»	Құрылым, еншілес компаниялар, Жылдық есеп	<a href="http://www.tks.kz/">http://www.tks.kz/</a>	<a href="http://www.tks.kz/ru/reportcategory">http://www.tks.kz/ru/reportcategory</a>
«ҚазТрансОйл»	Магистральды құбыр желілерінің схемалары, реттеу және тарифтер	<a href="http://www.kaztransoil.kz/">http://www.kaztransoil.kz/</a>	<a href="http://www.kaztransoil.kz/ru/o_kompanii/shema_magistralnih_truboprovodov/">http://www.kaztransoil.kz/ru/o_kompanii/shema_magistralnih_truboprovodov/</a>

«ҚазТрансГаз»	Магистральды және транзиттік газ құбырлары, өндіріс, жеткізу, экспорт, қаржы және өндірістік көрсеткіштер, кірістер	<a href="http://www.kaztransgas.kz/index.php/ru/">http://www.kaztransgas.kz/index.php/ru/</a>	<a href="http://www.kaztransgas.kz/index.php/ru/o-kompanii/magistralnye">http://www.kaztransgas.kz/index.php/ru/o-kompanii/magistralnye</a>
ҚТЖ	жылдық және қаржы есептері	<a href="https://www.railways.kz/ru/">https://www.railways.kz/ru/</a>	<a href="https://www.railways.kz/reports/2017/">https://www.railways.kz/reports/2017/</a>
<b>ҚР заңнамасы</b>			
«Әділет» заң актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі	Заңдар, нормативтік-құқықтық актілер, бұйрықтар	<a href="http://adilet.zan.kz/rus">http://adilet.zan.kz/rus</a>	<a href="http://adilet.zan.kz/rus/search/origins">http://adilet.zan.kz/rus/search/origins</a>

## **ӨСАБ есептілігі үдерісіне қатысатын компаниялар мен үкіметтік органдардағы деректерді растау мен аудит рәсіміне қатысты**

**Үкімет деректері бойынша.** Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін, республикалық бюджеттің орындалуына сыртқы бақылауды жүзеге асыратын, мемлекеттік қаржы бақылауының жоғарғы органы – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бар.

**Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ереже** бойынша (Жалпы ережелер (1 және 2-бап) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жоғары органы болып табылады.

Есеп комитетінің негізгі міндеті: республикалық бюджетке түсімдердің толықтығы мен уақытылы түсуін бақылау. Жыл сайын Есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуын орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне мазмұны бойынша қорытынды саналатын, есептік қаржы жылына (ары қарай – жылдық есеп) республикалық бюджеттің орындалуын бақылау туралы есеп құрастырады. Жылдық есеп өзіне республикалық бюджеттің түсімдері мен шығыстарын бағалауды қамтиды.

Есеп комитеті мақұлдаған жылдық есеп Қазақстан Республикасының Парламентіне қарау және бекіту үшін бағытталады және ағымдағы жылдың 15 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат үшін бағытталады. Қазақстан Республикасының Парламентінде жылдық есепті ұсынуды Есеп комитетінің төрағасы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін жылдық есеп құпиялылық мен өзге құпия заңмен қорғалатын режимді сақтауды ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жатады.

Есеп комитетінің жылдық есептері Есеп комитетінің сайтында жарияланған [www.esep.kz](http://www.esep.kz). Осылайша, ӨСАБ мақсатында ұсынылған Үкімет деректерін ҚР Есеп комитеті аудиттейді және қоғам үшін Есеп комитетінің Жылдық есебінде қолжетімді.

Халықаралық стандарттарға сәйкес аудитке қатысты: «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті қазіргі уақытта бес халықаралық ұйымның мүшесі болып табылады:

- [INTOSAI - Международная организация высших контрольных органов](#); - 2000 жылғы мамырдан бастап

- [ASOSAI - Азиатская организация высших контрольных органов](#); - 2000 жылғы қазаннан бастап.

- [EUROSAI - Европейская организация высших контрольных органов](#); - 2003 жылғы қазаннан бастап.

- [ECOSAI – Экономикалық ынтымақтық ұйымның қаржы бақылау жоғарғы органдарының ассамблеясы](#) - 2004 жылғы қаңтардан бастап.

- Мемлекеттердің-ТМД қатысушыларының қаржы бақылау жоғарғы органы басшыларының кеңесі – 2000 жылдан бастап.

Бұл ҚР Есеп комитетінің өз жұмысында халықаралық қағидалар мен аудит тәсілдерін қолдайтынын растайды.

Республикалық Бюджеттің Атқарылуын Бақылау Жөніндегі Есеп Комитетінің 2011 жылғы 18 тамыздағы № 2-НП Бұйрығымен бекітілген "Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу ережесінің» 11-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 16 қыркүйекте № 7190 тіркелген.

Бақылау мына үлгілерге бөлінеді:

- 1) сәйкестікке бақылау жасау - бақылау объектісі қызметінің Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау;

- 2) қаржылық есептілікті бақылау - бақылау объектісінің қаржылық есептілікті жасауының және табыс етуінің анықтығын, негізділігін және уақтылығын бағалау;

Қаржылық есептілікті бақылаудың нәтижесі бойынша бақылау объектісінің қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүргізген қаржылық операцияларының нәтижелері туралы жеткілікті және қажетті дәлелдемелері негізінде жасалған объективті пікір білдіріледі;

3) тиімділікті бақылау - сәйкестікке бақылау жасау және қаржылық есептілікті бақылау негізінде жүргізілетін бағалау.

ӨСАБ аясында ұсынылатын өндіруші компаниялардың бюджетке түсімдері туралы «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» ММ есептілігін бақылау аясындағы бақылау үлгісі – «қаржылық есептілікті бақылау».

**Компания деректері бойынша.** Жер қойнауын пайдаланушы компаниялар Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы №304-1 «Аудиторлық қызмет туралы» заңы бойынша (01.01.2019ж. жай-күйдегі өзгерістермен және толықтырулармен) аудит жүргізілді.

Салықтық аудит (салықтық тексеру) - бұл ретте салық органына аудит жүргізгенге дейін қателіктерді анықтау және түзету мақсатында компанияны салықтық есепке алу жүйесін және салық есептілігін қарау.

Салықтық тексеру нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдердің сипаттамасын, оларды жою бойынша ұсыныстарды, жеке операциялардың деңгейінде де, салықтық есеп жүйесін ұйымдастыру деңгейінде де, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, салықты оңтайландыру үшін пайдаланылмаған мүмкіндіктерін ұсынды.

Салықтық тексеру шеңберінде салықтық даулардың талдауы, сондай-ақ олар бойынша салықтық келіспеушіліктерді бағалау, ықтимал шешімдерді әзірлеу негізінде жүргізіледі.

Сондай-ақ, салықтық есепке алу есептік деректерге және ҚЕХС-ға негізделгендіктен, қолданылатын есепке алу әдістемесін және барлық қолданылатын ҚЕХС-ын талдау компанияға салық салудың әсерін бағалау үшін жүргізіледі.

Салыстыру тиісті қызметтерге қолданылатын Халықаралық аудит стандарттарына (IAS) сәйкес жүзеге асырылады («Қаржылық ақпаратқа қатысты келісілген рәсімдерді жүзеге асыру туралы келісімдер» 4400 ІҚХКС). Келісілген рәсімдерді орындау туралы келісім тексеру жүргізуді, деректерді талдауды және оларды бастапқы құжаттармен салыстыруды, салық төлеушілердің жеке шоттарының деректерін, алушылардың есептерін, валюталық конверсиялауды қамтиды, сол бойынша тексеру мақсаттары туралы пікірді білдіру үшін жеткілікті ақпарат пен дәлелдемелерді салыстырып тексеру жүргізілді.

Салық төлеуші ақпаратының сапасы мен дұрыстығына жауапкершілікті тиісті өкілеттік берген тиісті Тараптың бірінші басшысына немесе өкіліне және қаржы-экономикалық қызметтің басшысына жүктеледі. Алушы ақпаратының

сапасы мен дұрыстығына Уәкілетті мемлекеттік органның басшысы және / немесе ұйым жауапты болады.

Салыстырып тексеру Алушының деректерімен Төлеушінің ұсынған есептерін салыстыруды растайтын дәлелдемелерді тестілеу негізіндегі тексеруді қамтиды.

ӨСАБ стандартында сапа мен деректерді растауға қойылатын талаптар анықталған (Requirement 4.9 Data quality and assurance), оның ішінде:

- төлемдер мен кірістер халықаралық аудиторлық тексеруді қолдану арқылы беделді тәуелсіз аудитке тексерілетінін бағалау;

- беделді Тәуелсіз Әкімгерді халықаралық аудит стандартын қолдану және деректерді тексеру туралы әкімгердің пікірін жариялау арқылы міндетті тарту.

Халықаралық хатшылық 4.9-талапты қолдану арқылы нұсқаулықты (Guidance note 24, Data quality and assurance) әзірледі. Стандартты ToR және Guidance note 24 көрсетілген мәселеге қатысты нұсқаулықтардан, оның ішінде 5-қадамдық алгоритмнен тұрады:

1. Елде аудит тәжірибесіне шолу жасау (Тәуелсіз Әкімгер орындайды).

Тәуелсіз Әкімгер есепте компанияларға және мемлекеттік органдарға аудитке немесе олардың ақпаратын растауға қатысты қолданыстағы заңнамалық талаптарды сипаттауы тиіс. Сонымен қатар, елдегі нақты тәжірибе қолданыстағы заңнамаға қаншалықты сәйкес келетінін көрсету қажет (кейбір елдерде міндетті тәуелсіз аудит жүргізуге қойылатын талаптар бар, бірақ компаниялар оны жасамайды).

2. ӨСАБ Есебі үшін деректерді растаудың тетігін анықтау (Тәуелсіз Әкімгер өзінің талдауы негізінде тәсілді ұсынады, MSG тәсілді растайды).

3. Талдау нәтижелерін (жоғарыдағы 1-тармақ) және келісілген тәсілді (жоғарыдағы 2-тармақ) құжаттау. MSG орындайды.

4. ӨСАБ – есептерінде компаниялардың және мемлекеттік органдардың деректерді растау тәсілін орындауды бақылау.

5. ӨСАБ үшін деректерді растау тетігін валидациялау.

ӨСАБ Есебін валидациялау сатысында орындалады. Елдегі қаржы деректерін растаудың нақты тәжірибесі мен заңнаманы, Есепте деректерді растау тәсілін (әдетте бұл компанияның немесе мемлекеттік органның қол қоюының барлығы туралы талап), олардың сомасының салық органымен салыстыру актілері. ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану кодексін енгізгеннен кейін ҚПҚ барлау және өндіру аумақтары бойынша шығыстардың міндетті аудиті туралы талап пайда болды. Яғни, жер қойнауын пайдаланушылар БМБЖ-ге беретін (1-ҚПҚ, 2-ҚПҚ, сондай-ақ 1-ЛКШ) есептерде айырмашылық туралы деректер аудитті міндетті өтуге тиіс. Осындай бірінші кезең – бұл 2018 жыл, яғни, 2018 жылғы шығыстар. Онда айырмашылықтар көп – сондықтан ӨСАБ



деректерінде ең болмағанда берілетін біреуін растау тетігі болуы мүмкін.

### **Хабардарлықты арттыру және ақпаратты тарату.**

ӨСАБ Ұлттық сайтының БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ тарауында тұрақты түрде сүйемелдеу жүргізіледі <http://eiti.geology.gov.kz/ru/about-us/eiti-news-kazakhstan>, мұнда ӨСАБ іске асыру аясында жүзеге асырылатын хабарландыру сипаттағы барлық іс-шаралар жарияланады: жаңалықтар, конференциялар, таныстырулар, бейне және фотогалерея, әкімдіктердегі отырыстар, семинарлар, жұмыстық кездесулер, БАҚ-тағы жарияланымдар. Сонымен қатар Энергетика министрлігі мен Қаржы министрлігінің ресми сайттарында ӨСАБ Ұлттық сайтына сілтеме орналастырылған <http://eiti.geology.gov.kz/ru/>, ол бойынша мүдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, бақылаушылар мен кез келген қызығушылық танытқан тұлға нақты уақыт режимінде ӨСАБ-ты іске асыру аясында жүзеге асыратын іс-шаралармен таныса алады. Облыс әкімдіктеріне өздерінің ресми сайттарында ӨСАБ тақырыбын жасап, онда әлеуметтік инвестициялар мен ашық отырыстар бойынша ақпаратты орналастыру тапсырылған. Сонымен қатар ӨСАБ Ұлттық сайтында әкімдіктердің қызметі туралы ақпарат орналастырылған <http://eiti.geology.gov.kz/ru/>

**Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы (ТКМК),** ӨСАБ Мүдделі тараптарының ұлттық кеңесінің Коммуникациялар жөніндегі жұмыс тобы ретінде, ӨСАБ стандарттарын енгізу маңыздылығын кеңінен түсіндіру, ашықтық пен жариялылық қағидаларын және олардың республика халқының әл-ауқатын арттыруға әсерін тұрғындарға жеткізу мақсатында ақпараттық жұмыс жүргізеді.

Ақпараттық жұмыста ӨСАБ стандарттарын енгізетін мемлекеттік органдар мен компаниялардың қызметін жариялауға, өндіруші компаниялардың бенефициарлық құқығын ашуға, трансферттік баға құнына, ТМК салық салу және басқалар сияқты өзекті тақырыптарға материалдарды жариялауға баса назар аударылады.

2017 жылғы Қазақстандағы валидация қорытындысы бойынша брифинг ұйымдастырылды, ол 2018 жылғы мамырда Өндірістік салалардың ашықтығы қызметінің Халықаралық хабшылығының басшысы Йонас Мобергтің және ҚР мүдделі тараптары Ұлттық кеңесі: ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Ақбатыр Надырбаевтың, Тау-кен өндіруші және тау-кен-металлургиялық кәсіпорындары ассоциациялары атқарушы директорының орынбасары және «Нефтяные доходы-под контроль общества» Коалициясы өкілі Шолпан Айтенованың

қатысуымен брифинг өтті.

2018-2019 жылдарға арналған жарияланған материалдар тізімі (шілдеге дейін) ӨСАБ Ұлттық сайтында жарияланған <http://eiti.geology.gov.kz/ru/about-us/publikatsii-v-smi>.

**Прогресс.** 2016 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын дамыту комитеті ӨСАБ Ұлттық веб-сайтын іске қосты (<http://eiti.geology.gov.kz>). Бұл сайтта Қазақстанда ӨСАБ-тың іске асырылуы туралы ақпарат, нормативтік база, жұмыс жоспары, жыл сайынғы Ұлттық есептер толық көлемде және танымал нұсқасы, ҚР МТҰК отырыстарының хаттамалары, 2016 жылғы ӨСАБ стандартының бенефициарлық иелерін ашу бойынша талаптарын орындау бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат сақталуда, сондай-ақ елімізде ӨСАБ-ты іске асыруға арналған жарияланымдар, семинарлар, тренингтер мен отырыстар жарияланады. Сұрақтар мен ұсыныстар үшін Сұрақтар мен ұсыныстар үшін сайттың «Байланыс» бөлімінде кері байланыс ашық.

### **ӨСАБ-ты іске асыруда Хатшылықтың рөлін нығайту.**

Қазақстанда ӨСАБ-ты іске асыру аясындағы жұмыстарды үйлестіретін жұмыс органы «Қазгеоақпарат» РҒАО» ЖШС (ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті 100% құрылтайшы (ары қарай – ҚР ИИДМ ГЖҚПК) базасында жұмыс істейтін ӨСАБ Ұлттық Хатшылығы болып табылады. ҚР ИИДМ ГЖҚПК Ақпараттық технологиялар және геологиялық ақпаратты басқару туралы ережеде *Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы стандартын іске асыру* қызметі (18-тармағы) ескерілген. Қазіргі уақытта ӨСАБ Ұлттық Хатшылығының қызметін 5 қызметкер атқарып отыр, ӨСАБ Халықаралық Басқармасына 2017 жылдың сәуір айынан ҚР ИДМ Жер қойнауын пайдалану департаментінің директоры Р.Н.Баймишев кірді, ол әрі Ұлттық үйлестіруші болып табылады. ӨСАБ Ұлттық Хатшылығы басшысының міндеттері ҚР ИДМ ГЖҚПК «Қазгеоақпарат» РҒАО-ның Минералдық-шикізат қоры мен өндіруші салалардың ашықтығын талдау басқармасының басшысы Э.А.Жантөрееваға жүктелген. *(ҚР ИДМ вице-министрі және ҚР МТҰК Төрағасы орынбасары Т.С.Тоқтабаевтың Өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының Халықаралық Басқармасының басшысы Фредрик Райнфельдтке жазған хаты)*. ӨСАБ Ұлттық Хатшылығының қызметкерлері туралы мәліметтер мен олардың байланыс деректері мына жерде <http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/natsionalnyj-sekretariat-ipdo>.

**Прогресс.** «Мұнай-газ және тау-кен өндірісі секторында ашықтықты

**қамтамасыз ету» бойынша іс-шаралар бөлігіне қатысты.**

ДА МТҰК тарабы ретінде, МТҰК-ға қатысу үшін АҚ өкілдерін таңдайды. Кандидаттар ретінде мемлекеттік қызметте немесе тау-кен өндіруші компанияларда қызмет атқармайтын Қазақстанның кез-келген азаматы тіркеле алады. Кандидаттарды ДА тарапынан ұсынады. Бүгінгі күні тараптар қандай да бір қызығушылық танытқан тұлғаны сайламағаны туралы жағдай орын алған жоқ. Сонымен қатар МТҰК-ге ҮЕҰ-да жұмыс істемеген және ДА-ға кіретін сарапшылар бірнеше рет сайланды.

«Гражданский контроль» коалициясы азаматтық қоғам өкілдерінің кез келген өкілін, оның ішінде Коалиция мүшесі болып табылмайтын тұлғаларды МҰТК-ге ұсыну тәртібін қамтамасыз етті.

\* Қосымша \*

«Қазақстанның Азаматтық альянсы» өкілдерін Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын іске асыруға қатысу үшін Қазақстанның кез келген азаматына ға таңдау туралы »ережеден үзінді келтіріңіз.

«6. ҚАА мүшелері Қазақстан азаматын кез-келген азаматты мемлекеттік қызметкер мен іскери өкілден басқа ДА-ға қатысуға ұсына алады.

7. Номинациялар: кәсіби тәжірибе, гендерлік теңгерім, тау-кен өнеркәсібіне мүше болу сияқты өлшемдер шектелмей, ескерілуі тиіс.

8. Жыныстық, әлеуметтік, этникалық жасы және басқа да қағидалары бойынша бөлуді болдырмау.

9. ҚАА-дан кандидаттарды ұсыну туралы ұсынысты жіберген кезде өтініш беруші алға қойған мақсаттарын қысқаша сипаттауды жіберген дұрыс.

10. Өкілдерді таңдауды өңірлік Азаматтық альянс басшылары электронды түрде жүзеге асырады.

Жылжыту туралы өтінішпен келгендерден бас тарту жағдайы орын алған жоқ.

В) Ақпараттандыру. Қоғам сайлау рәсімі туралы үш тәсілмен хабардар етіледі:

- ДА жіберу
- Фейсбуктегі ДА тобы (жеке беттерде және басқа топтарда қайта сілтеме жасау арқылы)
- Қазақстан ӨСАБ сайтында жарияланымдар.

Топ пен почта жөнелтілімдері ДА қызметін ақпараттандыру және ӨСАБ мәселелерін талқылау үшін пайдаланылады. Топта да, тарату тізімінде де ӨСАБ-қа қызығушылық танытқан барлық қауымдастықтардың өкілдері, оның ішінде ДА-ға мүше емес те тұлғалар бар. Скайп-отырыста байқаушы Әсел Қырықбаева қатысты, ол ақпаратты алу үшін арналардың жеткілікті екенін растады.

Диана Окремова журналистерді қызықтыру үшін ДА қызметі туралы кеңірек және үздіксіз ақпарат беруді ұсынды. Олар Светлана Ушаковамен бірге ДА-ның коммуникациялық стратегиясын әзірлейтін болады деп шешілді. Сондай-ақ байланыс тобын құру ұсынылды.

Бұдан басқа, ӨСАБ-қа қатысты құжаттар, ӨСАБ тақырыбымен <http://www.echo.kz/> сайтында орналастырылған.

## 5. Жоспарлау

Келесі жылдарға арналған ДА стратегиясын әзірлеу ұсынылды. Стратегияда ӨСАБ стандарты бойынша ықтимал өзгерістер ескерілуі тиіс: келісімшарттарды ашу, жобалар деңгейінде ақпараттарды ашу, тауар айналымынан мемлекеттік кірістер, экологиялық аспект, гендерлік аспект;

сондай-ақ өңірлік даму, Қазақстанның шегінен тыс мемлекеттік кірістер, ӨСАБ мейнстриминг. Қатысушыларға өз көзқарастарын білдіру ұсынылды.

Светлана Ушакова мен Мария Лобачеваның драфт стратегиясыны дайындайды.

5. Сайлауға дайындық. Мамыр айында АҚ атынан және ДА модераторынан МҰТК мүшелеріне кезекті сайлау өтеді. Сайлау туралы хабарландыру жеке беріледі. Қатысушыларға процесті кешіктірмеу үшін кандидаттарды талқылауды бастауға ұсыныс етілді.

### **2019 жылы МТҰК мүшелеріне азаматтық қоғамнан сайлаудың қорытындылары**

Сәуір-мамыр айларында Диалогтық алаң ӨСАБ бойынша Мүдделі тараптардың Ұлттық кеңесіне өкілдерді сайлауды өткізді.

Диалогтық алаң Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесіне Қазақстанда ӨСАБ-ты енгізу және дамыту бойынша азаматтық қоғам өкілдерінің кезекті сайлауын өткізді. Қазақстан Республикасында Өндіруші Салалардың Ашықтығы бастамасын іске асыруға қатысты Өзара түсіністік туралы меморандум бойынша ҰЕҰ таныстыратын тарап болып ӨСАБ іске асыру Диалогтық алаңы нысанындағы ҰЕҰ коалициясының бірлестігі болып табылады.

Азаматтық қоғамның кез-келген өкілін тағайындау және қатысу мүмкіндіктері туралы ақпарат Қазақстанның ҰЕҰ арасында кеңінен таратылды. Диалогтық алаңының тараптары ДА тараптарының мүшелері-ұйым өкілдері және тәуелсіз ұйымдардың өкілдері болып табылатын 12 кандидатты ұсынды.

Дауыс беру нәтижелері бойынша Қазақстандағы ӨСАБ-ты іске асыру бойынша Мүдделі тараптар ұлттық кеңесінде азаматтық қоғам өкілдері мыналар болды:

**Негізгі құрам:** Ахметова Жібек, Седова Татьяна, Наталья Янцен.

**Қосалқы құрам:** Медведьников Диана, Могилюк Светлана, Жанат Нұрғалиев.

Сайланған екі өкіл «Гражданский контроль» коалициясының мүшесі, екі төраға «Гражданский Альянс Казахстана» ұйымдарында жұмыс істейді, екеуі тәуелсіз өкіл болып табылады.

Сайлау туралы толық материал сілтеме бойынша: <http://www.echo.kz/180-itogi-vyborov-2019-v-chleny-nshs-ot-grazhdanskogo-obshchestva.html>. Бюллетеньдер «ЭХО» АҚ сайтында орналастырылған <http://www.echo.kz/about-us-ru/documents-ru/181-byulleteni-vybory-v-nshs-2019.html>

### **3. ӨСАБ талаптарымен салыстыру арқылы жұмысты бағалау**

Орындалған талаптардың бағасы жалпы тұтастық сипатқа ие. Валидациядан өту барысында, есептердің сапасын және деректердің

қамтылуын жақсарту мақсатында, ӨСАБ Халықаралық басқармасы ұсынымдар берді.

Атап өтетіні, Қазақстанда ӨСАБ-ты іске асырудағы прогресс туралы осы есеп өткен жылдардағы Есептермен салыстырғанда жетілдірілген, себебі ҚР МТҰК пен ҚР МТҰК Жұмыс тобы мүшелерінің, ӨСАБ Халықаралық Хатшылығының пікірлері ескерілген және ӨСАБ Халықаралық Хатшылығы ұсынған жылдық Прогресс туралы есепті дайындау мен оның мазмұны бойынша 7.4 және 8.4 талаптарға – 5 басшылық құжат бойынша жасалған. Жариялау алдында ӨСАБ есептерін ҚР МТҰК талқылап, одан кейін МТҰК пен ҚР МТҰК Жұмыс тобы мүшелерінің, басқа да мүдделі тараптардың пікірлеріне сәйкес енгізілген түзетулерді ескере отырып, бекітіледі.

<b>Талаптар:</b>	<b>Прогресс:</b>
<p><i>1- талап:</i> Мүдделі тараптардың көпжақты топтарының бақылауы (бұдан әрі – ҚР МТҰК)</p>	<p>ҚР МТҰК жұмысы ӨСАБ Ұлттық сайтында жарияланған <a href="http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council">http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council</a> 2017-2018 жылдар (шілдеге дейін) аралығында ҚР МТҰК-тің 11 отырысы өткізілді. Олардың алтауы электронды дауыс беру түрінде өтті. ҚР МТҰК жұмысының регламенті 2013 жылғы 9 қазандағы жаңартылған ӨтМ-ға 1-қосымшада жазылған. Оған ҚР МТҰК жұмысының регламентіне қатысты өзгерістер, оның құрамы, міндеттері, өкілеттіктері, отырыстарды өткізу, қарау мен шешім қабылдау рәсімдері енгізілген (ҚР МТҰК-тің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 67 хаттамасымен бекітілген).</p>
<p><i>2-талап:</i> Келісімшарттар мен лицензияларды бөлумен қоса, құқықтық және басқару негіздері</p>	<p>Жер қойнауын пайдалану мәселелерін заңнамалық тұрғыдан реттеу пайдалы қазбалардың барлық түрлері үшін «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады <a href="http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/administration/regulatory_docs.jsf">http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/administration/regulatory_docs.jsf</a>. Жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін аукционға шығарылатын объектілер тізбесі ҚР ИДМ сайтында жарияланады <a href="http://dep-nedra.mid.gov.kz/ru/pages/izveshchenie-ministerstvo-po-investiciyam-i-razvitiyu-respubliki-kazahstan-kak-kompetentnyy-1">http://dep-nedra.mid.gov.kz/ru/pages/izveshchenie-ministerstvo-po-investiciyam-i-razvitiyu-respubliki-kazahstan-kak-kompetentnyy-1</a>, онда аукционға шығарылатын объект, аукционның уақыты, орны, шарттары, өтінім беру мерзімі көрсетіледі. Жеңілдетілген тәртіппен жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін объектілер тізбесі ҚР ИДМ сайтында жарияланады Инвестициялар және даму министрлігі өткізген Энергетика министрлігі өткізетін конкурс туралы хабарландыру мен конкурс қорытындысы ҚР ЭМ сайтында жарияланады <a href="http://energo.gov.kz/index.php?id=2952">http://energo.gov.kz/index.php?id=2952</a></p>
<p><i>3-талап:</i> Барлау және өндіріс</p>	<p>Бұл ақпарат ӨСАБ бойынша 2017 жылғы 13-Ұлттық есепте жарияланған (93-111 беттер ) <a href="http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports">http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports</a>. ҚР облыстары бойынша мұнай бойынша теңгерімдік алынатын қорларды бөлу (8-сурет), Г ж Ж Қ П К Ө Д геологиялық</p>

	<p>барлау жұмыстары (9-сурет), геологиялық барлау және алуды жүргізу бойынша қызметтегі ТШИ жалпы кіріс (10-сурет), 2010-2017жж. Өңірлер бөлінісінде тас көмірді өндіру (11-сурет), 2007-2017жж. мұнай және газ конденсатын өндіру қарқыны (12-сурет), мұнай және газ конденсатын өндірудің негізгі көлемін қамтамасыз ететін компаниялар (2017жылғы деректер (13-сурет), 2017 жылғы өңірлердегі мұнай және газ конденсатын өндіру және өсім қарқынының көлемі (14-сурет), 2016-2017 жж. өңірлер бөлінісінде алтын өндіру (25-сурет), 2010-2017 жж. алтын және күміс өндіру (26-сурет) және басқалар.</p>
<p><i>4-талап:</i> Кірістерді жинау</p>	<p>Инфрақұрылым және айырбас (4.3-талап). Аталған ақпаратты ұсыну үшін Энергетика министрлігі (ЭМ) мен ҚР ИДМ-ге сауалдар жолданды. 2017 жылы ЭМ осындай мәмілелерді жүзеге асырған жоқ, 2017 жылы сондай-ақ ҚМГ жылдық есебінде бензинді жеткізуге арналған алмасу Ресейге мұнайды жеткізу бойынша деректер болған жоқ.</p> <p>Бартерлік келісімдер. 3.2.1-тарауында. Мұнай-газ секторы: қорлар, геологиялық барлау, өндіру мен экспорт ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету үшін газ свопы мәселесі бойынша айтылған. 2006 жылы 27 желтоқсанда «Газпром» ААҚ, «Узбекнефтегаз» ҰШК, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ арасында газды уақытша жеткізу туралы Келісімге қол қойылды. Келісімге сәйкес барлық газ импорты Қарашығанақ экспортымен бірге тең баға және тең көлемде «айырбасталады». Келісім аясында жыл сайын Қазақстан Республикасының оңтүстігіне және Қостанай облысына Қарашығанақ кен орнының газына қарама-қарсы жеткізуге шарт жасалады<sup>1</sup>. ГжЖҚПК ӨД жылдық есебінде 2017 жылы АИ-92 таңбалы бензинді ішкі нарықта тұтынудың жалпы көлемінен 28%-ы Ресейден импортталды, 2019 жылы үш ҮЕҰ-ны жаңғырту арқасында жеке өндіріс есебінен ішкі тұтынуды толығымен қанағаттандыру жоспарланып отыр. Ресейге 2017 жылы бензинді жеткізуге арналған ауысуда мұнайды қарама-қарсы жеткізулер туралы ГжЖҚПК Жылдық есебінде ешнәрсе айтылмаған (<a href="https://www.kmger.kz/tus/">https://www.kmger.kz/tus/</a>).</p> <p>ҚР ИДМ деректері 2017 жылғы 13-Ұлттық Есепке енгізілген (146-148-бб). Аталған мәселе бойынша қажетті ақпаратты толық ашу бөлігінде жұмыстар жалғасуда.</p>
<p><i>5-талап:</i> Кірістерді бөлу</p>	<p>Бұл ақпарат ӨСАБ бойынша 2017 жылғы 13-Ұлттық есепте жарияланған (133-136 беттер). Республикалық бюджеттің шығыстары мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын іске асыруға, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық тұрғыдан қамтамасыз етуге арналады (мысалы, ҚР Үкіметі мен Министрліктер, Парламент, Жоғарғы Сот, ҚР Президентіне тікелей бағынатын органдар, т.с.с.). Республикалық бюджетті бекіту Занды қабылдаумен сүйемелденеді. Бюджеттік процеспен ҚР Қаржы министрлігінің сайтында мына сілтеме арқылы танысуға болады</p>

<sup>1</sup> Доклад министра нефти и газа С. Мынбаева на коллегии министерства по итогам 2012 г. 28 января 2013 г.



	<a href="http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_budgeting/budgeting/process_fldr">http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_budgeting/budgeting/process_fldr</a>
<p><i>6-талап:</i>  Элеуметтік және экономикалық шығындар</p>	<p><u>Элеуметтік инвестициялар (6.1-талап)</u> ЛКТ есептілігі бойынша 2017 жылы элеуметтік сала мен жергілікті инфрақұрылымға арналған шығындар 47,9 млрд. теңгені құрады, оның ішінде мұнай-газ компаниялары 39,9 млрд. теңгені (жалпы соманың 83%-ы), тау-кен компаниялары 8,0 млрд. теңгені құрады. Өңірлердің элеуметтік саласын дамытуға арналған төлемдерді есептеу «Жер қойнауын пайдаланушылардың өңірдің элеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылым дамытуға аударымдары» 206114 бюджеттік жіктеу кодына (БЖК) келіп түседі. Сондай-ақ әкімшілік облыстардың әкімдіктерінде жыл сайын компанияларды, қоғамды, БАҚ-ты тарту арқылы ашық отырыстар өткізіледі, мұнда жергілікті әкімдік органдары (ары қарай - ЖӘО) өңірлердің элеуметтік саласын дамытуға компаниялардың бөлген қаражаттарын пайдалану туралы есеп береді. Мұнда, 206114 БЖК-ге бөлінген қаражаттан бөлек меморандумдар, шарттар, элеуметтік әріптестік аясында шығыстар жүзеге асырылады. 2017 жылғы материалдармен Ұлттық ӨСАБ сайтында танысуға болады <a href="http://eiti.geology.gov.kz/ru/aboutus/meetings-in-akimats">http://eiti.geology.gov.kz/ru/aboutus/meetings-in-akimats</a>. 2017 жылғы наурызда Шығыс Қазақстан облысының бюджетіне жиынтық сомасы 3 млрд теңгені құрайтын, өңірдің элеуметтік-экономикалық дамуы үшін 2017-2019 жылдарда жүзеге асырылуы тиіс «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК, «ҮМЗ» АҚ және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.</p> <p><u>Өндіруші секторға салым туралы (6.3-талап).</u> 2017 жылғы ӨСАБ бойынша 13-Ұлттық Есепте (19-22 бб.) Статистика комитетінің ақпараты келтірілді. Олардың деректері бойынша тау-кен өндіру өнімінің көлемі мен 2016 жылғы кеніштерді өндіру жалпы өнеркәсіп көлемінің 49,4%-ын құрады (олардың ішінде 77,6% шикі мұнайды өндіру және 10,5% металл кендерін өндіру). Салыстыру үшін, 2015 жылы көлем 50,4%-ды, 2014 жылы 59,7%-ды, ал 2013 жылы - 59,9%-ды құрады (толық ақпаратты <a href="http://www.stat.gov.kz">www.stat.gov.kz</a> аласыз. Негізгі элеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің қарқыны келтіріледі.</p> <p><u>Квазифискалды шығыстар туралы (6.2-талап)</u> –154-156-бет. Квазифискалды шығыстар бойынша ақпарат 2017 жылғы 13-Ұлттық есепте сипатталған.</p>
<p><i>7-талап:</i>  Қорытындысы мен салдары</p>	<p>ӨСАБ есебінің графикалық-аналитикалық сипаттағы жаңа танымал нұсқасы әзірленді. Онда елімізде ӨСАБ-ты іске асыру тарихы, соңғы 5 жылдағы төлемдердің динамикасы, тау-кен және мұнай-газ секторының үлесі, кірістердің өңірлерге бөлінуі, элеуметтік инвестициялар, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер берілген <a href="http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports">http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports</a>.</p> <p>Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі жыл сайын мемлекеттік органдарды, үкіметтік емес ұйымдарды (бұдан әрі – ҮЕҰ) өндіруші компанияларды, мүдделі тараптарды,</p>

	<p>бұқаралық ақпарат құралдарын (бұдан әрі – БАҚ) қатысу үшін тарта отырып, әлеуметтік жобаларға жұмсалған қаражат туралы есептерді тыңдауды жыл сайын өткізуді әкімдіктерге тапсырған. Мұндай шаралардың нәтижесінде, барлық қаржыландыру көздері есебінен, сондай-ақ келісімшарттық міндеттемелер шеңберінде компаниялар қаражаттарын аударатын жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалған қаражат туралы әкімдіктердің есептері тыңдалды. Бұл ақпарат ӨСАБ Ұлттық сайтында «Баспасөз орталығы» бөлімінде жарияланған <a href="http://eiti.geology.gov.kz/ru/about-us/meetings-in-akimats">http://eiti.geology.gov.kz/ru/about-us/meetings-in-akimats</a>.</p>
--	---

**4 Санкциялау процесінің ұсынымдарына мүдделі тараптардың көпжақты тобының жауап реакциясының қысқаша сипаттамасы (егер қолданылса):**

<p><b>2017 жылғы валидация қорытындылары бойынша ӨСАБ Халықаралық басқармасының ұсынымдары</b></p>	<p><b>Жауап реакциясы</b></p>
<p>МТҰК-ті басқару жөніндегі 1.4-талабына сәйкес Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесіне азаматтық қоғамның жан-жақты және репрезентативті қатысуын қамтамасыз ету процесі азаматтық қоғаммен келісілуі тиіс. МТҰК жұмысына қатысуға шақыру ашық, айқын және тәуелсіз болуы қажет. Азаматтық қоғам тарапынан МТҰК мүшелері оларды қаржыландыру көздері және үлестестілігі айқын екеніне көз жеткізулері тиіс.</p>	<p>Диалогтық алаңда ҰЕҰ коалициясының өкілдері аталған мәселені әзірлеп, ӨСАБ Ұлттық Хатшылығына <a href="http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/normative-base">http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/normative-base</a> Ұлттық ӨСАБ сайтында орналасқан «ӨСАБ-ты іске асыру бойынша Диалогтық Алаң туралы Ережеден Үзінді» бағытталды. Аталған құжатта МТҰК-дегі өкілдерді жылжыту және тағайындау тәртібі, жұмыс тәртібі, дауыс беру рәсімі және т.б. көрсетілген.</p>
<p>Лицензиялар тізіліміне қатысты 2.3-талабына сәйкес, Үкімет лицензиялар алуға және келісімшарттарға арналған өтінімдер беру күнін, сондай-ақ лицензиялар мен келісімшарттарды дұрысы лицензиялардың онлайн-тізілімінде беру күнін және олардың қолданылу мерзімін жариялауы тиіс.</p>	<p>Қатты пайдалы қазбаларға арналған берілген лицензиялар тізілімі пайдалы қазбаның түрін, әрекет ету мерзімін, берілген күнін, жер қойнауын пайдалануды бақылайтын тұлғалар құрамы және басқалар көрсетіле отырып <a href="http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru/kategorii/reestr-vydannyh-licenzii">http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru/kategorii/reestr-vydannyh-licenzii</a> Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында жарияланған. Сондай-ақ өтініштерді беру күнін көрсету арқылы берілген өтінімдердің тізімі жарияланды <a href="http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru/pages/perechen">http://dep-nedra.miid.gov.kz/ru/pages/perechen</a></p>

<p>Мемлекеттің қатысуына қатысты 2.6-талабына сәйкес Үкімет мемлекеттік кәсіпорындарды ӨСАБ процесіне тартуы тиіс және болашақта ӨСАБ есептерінде төмендегілер толықтай қамтылуын қамтамасыз етуі тиіс:</p> <p>Мұнай, газ бен минералдық ресурстарды барлауға, өндіруге немесе тасымалдауға тартылған барлық еншілес компаниялардың және барлық МК-ның тізімі болуы тиіс. Әрбір МК мен еншілес компания бойынша мұнай-газ және тау-кен-өндіру активтерінде бар барлық меншік құқықтарын, қаржылық жылдың ішінде болған меншік құқығындағы кез келген өзгерістерді, сондай-ақ меншік құқығындағы мұндай өзгерістерге қатысты шарттар мен бағаларды ашып көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар, тиісті МК-нің және/немесе еншілес компанияның әрбір жобаларындағы акциялар пакетінің талаптары айқын болуы қажет.</p> <p>Әрбір МК және/немесе еншілес компания, үкімет арасындағы өзара қаржылық қарым-қатынасына қатысты ережелері мен тәжірибесі, мысалы, МК/еншілес компания, МК мен мемлекет арасындағы қаржылық қаражатты аудару, тапқан қаражатты ұстап қалу, реинвестициялар және үшінші тараптың қаржыландыру ережелері мен тәжірибесі сипатталуы тиіс. Бұл сипаттауда лицензиялар мен келісімшарттарға басымдық құқықтары, т.с.с. сынды басқа да пайдалар қамтылуы мүмкін.</p>	<p><u>podannyh-zayavleniy-na-licenziyu-0</u></p> <p>2017 жылғы 13-Ұлттық есепті даярлау кезінде 2016 жылғы 12-Ұлттық есепте жазылған ұсынымдары пайдаланылды. Ұлттық компанияларға тиісті сауалдар жасалды. Олар ұсынған ақпарат 2018 жылғы 14-Ұлттық есепке, сондай-ақ 2017 жылғы 13-Ұлттық есепке енгізілетін болады.</p>
<p>Өндіру көлемі бойынша деректерге қатысты 3.2-талабына сәйкес үкімет өндірілген минералдық ресурстар мен металдардың құнын ашық көрсетуі тиіс.</p>	<p>Аталған мәселеде ЛБМ деректері және басқа да ашық ақпарат көздері бойынша минералдық ресурстарды өндіру және олардың құны жөніндегі ведомстволық есептіліктің ақпараттық ресурстары пайдаланылсын.</p>
<p>Айырбас жасау мәмілелеріне қатысты 4.3- талабына сәйкес үкімет пен МТҰК айырбас жасау мәмілелерінің маңызы мен қолданылуын белгілеуі тиіс, яғни мұнай, газ және минералдық ресурстарды қандай да бір тауарға немесе қызметке толық не жартылай айырбас жасалатынын айқындауы тиіс.</p>	<p>ӨСАБ Ұлттық хатшылығы Энергетика министрлігі мен Инвестициялар және даму министрлігіне аталған деректерді беруі туралы сұрау жолдады, сондай-ақ 2017 жылғы 13-Ұлттық есепке енгізу үшін ашық ақпарат көздері пайдаланылатын болады.</p>

<p>Мұнда Ресеймен жасалған қандай да бір айырбас туралы екіжақты келісім айырбас жасау мәмілесі ретінде бағалануы мүмкін бе дегенге баға берілуі тиіс.</p>	
<p>Тасымалдауға қатысты 4.4-талабына сәйкес үкімет пен МТҰК елдегі мұнай, газ және минералдық ресурстарды тасымалдаудан, оның ішінде көлік компанияларымен тікелей өзара әрекет ету арқылы тасымалдаудан келетін кірісті толық ашық ету үшін кедергілерді жою жоспарларын күшейту тиіс.</p>	<p>Тиісті ұлттық компаниялар (ҚазТрансойл, ҚазТрансгаз, ҚТЖ) 2017 жылғы 13-Ұлттық есепке енгізу үшін мұндай қажет ақпаратты ұсынды.</p>
<p>4.9-талабына және Тәуелсіз әкімшіге арналған стандартты техникалық тапсырмаға сәйкес МТҰК алдағы ӨСАБ есептерін дайындауға бастапқы есепті әзірлеу енгізілгеніне көз жеткізуі тиіс. Тәуелсіз әкімші мемлекеттік органдарда басым аудит пен бухгалтерлік есеп тәжірибесіне талдау жасауын және мемлекеттік органдар үшін деректердің дұрыстығын растау ұстанымы бастапқы есепте көрініс табуын МТҰК қамтамасыз етуі тиіс. МТҰК біріктіре енгізуге толық көшу үшін мүмкіндіктерді зерттеуге балама ретінде құптайды.</p>	<p>Есепті дайындайтын Тәуелсіз әкімшіні таңдағаннан кейін алдын ала талдау жасау және деректердің дұрыстығын растау ұстанымы, ТТ мен басқа да ықтимал қосымшаіс-шараларға сәйкес Есепті да дайындау жоспары үшін міндеттер қойылады. Бұл ретте, ӨСАБ ресми халықаралық сайтында орналастырылған <a href="https://eiti.org/ru/guidance-notes-standard-terms-of-reference">https://eiti.org/ru/guidance-notes-standard-terms-of-reference</a> ӨСАБ Халықаралық хатшылығының бастапқы есебіне арналған нұсқаулықты пайдалану қажет. Біріктіруге қатысты айтсақ, МТҰК-те талқыланады.</p>
<p>6.1-талабына сәйкес МТҰК бүгінгі таңдағы міндетті әлеуметтік шығындардың түрлі типтерін анықтап, барлық елеулі шығындар ӨСАБ бойынша келесі есепте қарастырылуын қамтамасыз етуі тиіс.</p>	<p>Келісімшарттық міндеттемелерге сәйкес қазіргі әлеуметтік шығындардың барлық типтері бойынша ақпарат (ЛКТ және ӨСАБ есептері негізінде), сондай-ақ Самұрық- Қазына-Траст әлеуметтік жобаларды дамыту қорының елеулі шығындары 14-Ұлттық есепке енгізіледі. Айта кететіні, ұлттық компаниялар әлеуметтік инвестициялар салмайды, барлық жобалар жоғарыда көрсетілген Қор арқылы жүзеге асырылады.</p>
<p>6.2-талабына сәйкес үкімет пен МТҰК мемлекеттік кәсіпорындар барлық елеулі квазифискалды шығындарын ашуын қамтамасыз етуі тиіс. Квазифискалды шығындар, ұлттық бюджеттік процестен басқа, мемлекеттік кәсіпорындар әлеуметтік қызмет көрсетуге, мемлекеттік инфрақұрылымға арналған төлемдер, отын субсидиялары, мемлекеттің қарызына қызмет көрсету сынды</p>	<p>Салыстырып тексеру жөніндегі жұмыс тобы ӨСАБ Ұлттық хатшылығымен бірлесе ұлттық компанияларға, оның ішінде мемлекеттің 100 % үлесімен және меншігінде мемлекеттің үлесі бар еншілес компанияларға арналған квазифискалды шығындар жөніндегі есеп нысанын әзірлеп, БМБЖ жүйесіне енгізді.</p>

<p>мемлекеттік әлеуметтік шығындарды жүзеге асыруға міндеттелетін келісімдерді қамтиды. Мүдделі тараптардың көпжақты тобы басқа төлемдер мен кіріс ағындарының айқындығымен шамалас айқындық деңгейіне қол жеткізу есебі бар есептілік процесін әзірлесін және мемлекеттік кәсіпорынның еншілес фирмалары мен</p>	
<p>7.4-талабына сәйкес МТҰК жұмыс барысы туралы келесі жылдық есепте жұмыс жоспарын іске асыру әсерін және ӨСАБ-тың басқа да қызметін бағалаудың болуын қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, МТҰК жұмыс барысы туралы жылдық есептің дайындау кері байланыс орнататын және Қазақстандағы ӨСАБ процесіне арналған бастапқы ақпаратты ұсынатын мүдделі тараптардың аясын кеңейтуге мүмкіндік беруін қамтамасыз етуі тиіс.</p>	<p>1) Өтпелі кезең – фискалды режиммен қоса, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекстің тұжырымдамалық нормаларын, сондай-ақ ӨСАБ бойынша нормаларын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамадағы өзгерістерге қатысты Азаматтық қоғамға арналған вебинар (семинар) өткізу Жұмыс жоспарына (бұдан әрі – ЖЖ) енгізу; 2) мемлекеттің азаматтық қоғаммен ӨСАБ-ты іске асыру шеңберінде ашықтық пен есептілікті арттыру, сондай-ақ жұмысты және АҚ-ның МТҰК-ке қатысуын жақсарту бағытындағы өзара іс-қимылдар тәжірибесімен алмасу жөніндегі Ведомствоаралық алаң ұйымдастыру бойынша іс-шараларды ЖЖ-ға енгізу; 3) ӨСАБ-тың іске асырылуы және ұлттық есептер талқыланатын қоғамдық тыңдауларды жалпы Қазақстанда өткізу туралы бастама білдіру – қазіргі жағдайы, келешегі, тікелей эфирдегі кедергілер, оған телеарналарды тарту, мысалы, «Большдгерд – салалар бағдарламасы», «Атамекен» ҰКП алаңы, т.б. арқылы.</p>
<p><b>Тәуелсіз Әкімшінің және МТҰК-тің салыстырып тексеру жөніндегі ЖТ-ның ӨСАБ бойынша 2017 жылғы 13-Ұлттық есепті даярлау</b></p>	
<p>Өткен жылдардың есебін пайдалану (егер жағдай өзгермесе, жаңа есепте бұрынғы талдауды, сызбаларды, т.б. қайталамай, ондағы ақпарат ескіргенше, өткен жылдың есебіне сілтеме жасау жеткілікті).</p>	<p>2018 жылғы 14-Ұлттық есепті дайындау кезінде бұл ұсыным ескерілетін болады.</p>
<p>МТҰК есепті даярлауға арналған ТТ-ға енгізу үшін кейін қоғамдық пікірталастар өткізетіндей мәнмәтіндік бөлігінде пысықтау үшін 1-3 басты тақырыпты айқындасын.</p>	<p>2018 жылғы ӨСАБ бойынша 14-Ұлттық есептің мәнмәтіндік бөлігін дайындау кезінде басты тақырыптардың бірі болып табылатын, квазифискалды шығындар бойынша жаңа нысанға сәйкес ұсынылған мәліметтерге талдау</p>

	<p>жасалатын болады. Сонымен қатар, ашық деректер және оларды ӨСАБ есебіндегі ӨСАБ стандартының халықаралық талаптарына сәйкес талап етілген деректермен сәйкестендіру баса назарға алынады.</p>
<p>МТҰК Есепті даярлау жөніндегі ТТ-ға квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарының деректерін салыстырып тексеру бойынша жеке қосымшаны енгізсін.</p>	<p>Жаңа нысан – ӨСАБ есебіне мемлекеттің 100 % үлесі бар ұлттық компанияларға және мемлекеттің қатысу үлесі бар еншілес компанияларға арналған квазифискалды шығындар бойынша қосымша әзірленді.</p>
<p>МТҰК ТТ-ға есептерді толтыру жөніндегі нұсқаулықты енгізсін. Онда жер қойнауын пайдалану бойынша сенімгерлік басқаруға ие Төлеушілер сенімгерлік басқару қызметі шеңберіндегі салықтар мен төлемдерді ӨСАБ есебіне енгізуі қажет екені түсіндірілуі тиіс.</p>	<p>БМБЖ жүйесінің порталында <a href="http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/home.jsf">http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/home.jsf</a> Тәуелсіз әкімші түсімдер жөніндегі деректермен (ҚР ҚМ деректері бойынша) салыстырып тексеру үшін онлайн режимінде компаниялар ұсынатын ӨСАБ есебіне арналған Әдістемелік нұсқаулық орналастырылған. Жалпы ережелер 1- тарауының 8-тармағында жер қойнауын пайдалану бойынша сенімгерлік басқаруға ие Төлеушілер сенімгерлік басқару қызметі шеңберіндегі салықтар мен төлемдерді Есепке енгізуі тиіс деп жазылған.</p>
<p>ҚР ИДМ (Хатшылық) салыстырып тексерілетін компаниялардың тізімін дайындау кезінде сол сәтте заңды мәртебесіндегі жер қойнауын пайдалану құқығын басқа заңды тұлғаға беру, қайта ұйымдастыру, тарату, келісімшартты бұзу, т.с.с. өзгерістерді ескерсін. Кейін жыл барысында осындай өзгерістер болған жағдайда тізімді түзетілісін.</p>	<p>ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің және ҚР ҚМ мемлекеттік кірістер комитетінің дерекқорларын 01.01.2018ж. қалпы бойынша жұмыс істеп тұрған компаниялардың БСН-дері бойынша сәйкестендіру жүргізілді.</p>
<p>Құзыретті және уәкілетті мемлекеттік органдар жылдық ЛКТ және ӨСАБ есептерінде деректерді сәйкестендіруді ескере отырып, әлеуметтік салаға жұмсалған жалпы шығындар және 206114 БСК-ға аударылған шығындар көрсеткішін көрсету жағынан есептерді ұсыну сапасын жақсарту шараларын қабылдасын. ҚР ӨСАБ хатшылығы әкімдіктерге арналған 3-1- нысанына «206114 БСК-ға аударылған қаражатты қоспағанда, әлеуметтік дамуға және жергілікті инфрақұрылымға жұмсалған шығындар жөніндегі жиынтық есеп» 3-2-қосымшасы</p>	<p>2018 жылғы 14-Ұлттық есепті дайындау кезінде бұл ұсыным ескерілетін болады.</p> <p>Әлеуметтік сипаттағы іс-шараларға жұмсалған шығындар жөніндегі сұратылған нысанға 206114 БСК бойынша деректер енбейтіні туралы әкімдіктерге түсіндірілді.</p>

бойынша 206114 БСК-ға аударылған шығындар туралы деректер нысанға енбейтінін түсіндіруі қажет.	
Келесі 2018 жылғы ӨСАБ есебіне арналған ТТ-ны дайындау кезінде салыстырылып тексерілетін компаниялардың келісімшарт (ӨБК мен айырбас келісімдерін қоса) талаптарын және қолданыстағы заңнамаға сәйкес олардың орындалуын барынша ашатын ақпараттық деректер тізімі айқындалсын.	2018 жылғы 14-Ұлттық есепті дайындау кезінде бұл ұсыным Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекс нормалары есепке алына отырып, ескерілетін болады

*Үкімет пен Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесі Валидатордың Есебіндегі және Халықаралық хатшылықтың бастапқы бағасындағы басқа да ұсынымдарды қарастыруды және жұмыс барысы туралы келесі жылдық есепте осы ұсынымдарға қатысты МТҰК-тің әрекетін құжаттауды құптайды. Мысалы, азаматтық қоғамға ықпал ететін заңдардағы қосымша өзгерістерді қарастыру кезінде және осы заңдарды орындау тәжірибесінде үкімет мұндай шаралар азаматтық қоғамның ӨСАБ-қа қатысу тиімділігіне әсер етпеуін қамтамасыз етуді ойлауы қажет. Сондай-ақ, МТҰК қоршаған орта саласындағы төлемдермен байланысты басқару проблемаларына бойынша өз жұмысын жалғастыруды құптайды. Атап айтқанда, қоршаған ортаны қалпына келтіруге арналған төлемдер мен экологиялық айыппұлдар алдында көзделгендей, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға емес, басқа бюджеттік қажеттіліктерге жұмсалып отырғаны алаңдатады. Мұндай мәмілелердегі ашықтық деңгейі, әсіресе төлемдерді қадағалау және экологиялық төлемдерді алу айқындығы жоғарырақ, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіруге арналған ақша қаражаттың жұмсалыуын ӨСАБ арқылы айқынырақ болғаны дұрыс.*

## **5 ӨСАБ-ты енгізу процесінде анықталған әлсіз және мықты тұстар**

*ӨСАБ процесінде анықталған әлсіз тұстарын сипаттау және оларды жою бойынша іс-қимылдар.*

### **Мықты тұстары.**

- Елде ӨСАБ-ты одан әрі сәтті іске асыру үшін Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы жаңа кодекске нормалардың енгізілуі [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31764592](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31764592). Мұнай-газ және тау-кен секторындағы компаниялардың ӨСАБ стандартында көзделген, «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (76-бап, 3-тармақ) аудитор болып табылатын тұлға растаған

ӨСАБ жөніндегі есептілікті тапсыруы, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың құрамы туралы есептілікті (132, 180, 192-баптар, 7,11, 3-тармақтар, көмірсутек шикізаты, уран және қатты пайдалы қазбалар үшін тиісінше) ұсынуы ӨСАБ талаптарын іске асыру бөлігіндегі басты нормалар болып табылады.

- Басқа елдерде қолданылатын халықаралық стандартты үлгі нысан негізінде жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың құрамы туралы есептіліктің нысандарын әзірлеу. ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекс нормаларын іске асыру мақсатында оны нормативтік-құқықтық актімен бекіту.
- Жер қойнауын пайдаланушылардың ӨСАБ есептілігін БМБЖ жүйесінің интернет порталы арқылы онлайн режимде ұсынуы және оның барлық мүдделі тараптар мен кез келген адамға қолжетімді болуы <http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/home.jsf>.

Салық және басқа да міндетті төлемдер (кез келген төлеуші бойынша Ұлттық қорға, республикалық және жергілікті бюджетке түсімдерді бөлу арқылы); компания меншігіндегі мемлекеттік үлес дивидендтері бойынша; нақты жобаларды, бағдарламаларды көрсету арқылы әлеуметтік салаларға арналған шығыстар бойынша жиынтық есептер ашылады; КЕК 206114-ке аударылған қаражаттан, ұлттық компаниялардың квазифискальды шығындары бойынша және 100% еншілес компаниялардың (жаңа нысан) қаражатынан қоспағанда.

- ӨСАБ бойынша жыл сайынғы ұлттық есептің уақытылы шығуы, компаниялар мен мемлекеттік органдардың ашық деректерінің ресми сайтына сілтемелердің есептерге қосылуы, сол жерде нақты уақыт тәртібінде қажет ақпараттық деректермен танысуға болады.
- 2017 жылғы ӨСАБ есебінің Танымал нұсқасы дайындалды.
- ӨСАБ-ты іске асыру бойынша мемлекеттік қызметтерді ИИДМ ГжЖПК құрылымына енгізу.
- «Қазэнерджи» Ассоциацияларының форумы аясында ӨСАБ Ұлттық компанияларын өткізу.
- ӨСАБ бойынша ресми Ұлттық сайттың болуы және оны тұрақты түрде сүйемелдеу, ӨСАБ-ты іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын барлық іс-шараларды жариялау, кері байланыс бар.



## **Әлсіз тустары.**

- МТҰК және ЖТ жұмысына қатысу, сондай-ақ елдегі ӨСАБ іске асыруды қолдауға бағытталған жобаларды жеткіліксіз қаржыландыру.
- Ұлттық компаниялар мен мемлекеттің қаржы мәселелері, квазифискальды секторды, басқа елдердің мониторинг жүйелерінің деректерін ықпалдастыру тәжірибесі бойынша білім әлеуетін арттыру үшін тренингтерді өткізу қажет.
- БАҚ-та жарияланымдар бөлігіндегі коммуникациялық құрам, танымал нұсқаларды басып шығару.

## **6. Енгізу бойынша жалпы шығындар**

Ұлттық есептерді даярлау 100 кіші бағдарлама бойынша 11 760 мың теңге көлемінде республикалық бюджеттен жыл сайын қаржыландырылады (2020 жылға дейінгі бюджеттік өтінімді қоса алынған). Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес, конкурстық негізде, ӨСАБ ұлттық есептерін даярлау қызметтерін жүзеге асыратын Тәуелсіз Әкімші тартылады.

**Донорлар жөніндегі ақпарат** ҚР ӨСАБ ұлттық сайтында орналасқан <http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/donor-support>.

## **7. Өзге қосымша пікірлер**

*Жұмыс жоспарында болмаған қосымша әрекеттер ауқымды мақсаттарға қол жеткізуге көмектескен жоқ*

**Ұлттық кеңес** <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council> (ҚР МТҰК-тің 18.02.2019ж. № 75 хаттамасы) мемлекеттің ашық деректер саясатына байланысты басым бағыттарды талқылады.

Құжаттар дайындалып (ҚР Үкіметіне ресми хат, ауысуға негіздеме және Жұмыс жоспары) және шешім қабылдау үшін Халықаралық ӨСАБ Басқармасына жіберілді.

Қолданыстағы заңнама аясында келісімшарттар/лицензиялар бойынша ақпаратты ашу нысанына талдау жүргізілді.

## **8. Осы жұмыс туралы есеп ҚР МТҰК шеңберінен тыс талқыланды ма?**

МТҰК кеңейтілген пікірлері ескерілген 13-Ұлттық Кеңес ҚР

МТҰК-де бекітілді (2018 жылғы 18 қазандағы №74 хаттама) және Ұлттық ӨСАБ сайтында оны ҚР МТҰК-дан тыс талқылау үшін (орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде) жарияланды <http://eiti.geology.gov.kz/ru/>.

ӨСАБ Ұлттық сайтының «Байланыс» тарауында **кері байланыс нысаны** жұмыс істейді және қызығушылық танытқан кез келген тұлға ақпараттың мазмұны және де Прогресс туралы есепке қатысты өз сын-пікірін жазып, сауалын қоя алады <http://eiti.geology.gov.kz/ru/contact>. ӨСАБ-ты іске асыру жөніндегі прогресс туралы Есепті жариялағаннан кейін белгіленген мерзімде (ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін) жарияланғаннан кейін пікірлер мен ұсыныстарды ұсыну туралы ұсыныс беру арқылы бақылаушылар мен мүдделі тараптарға хабарландыру жіберіледі.

**9. Кезең ішіндегі ҚР МТҰК-ке мүшелік туралы деректер:** (оның ішінде өткізілген отырыстар мен қатысулар туралы жазбалар).

ҚР МТҰК-ні ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Т.С.Тоқтабаев басқарады. Оның құрамына Мәжіліс депутаттары, ИДМ өкілдері, ЭМ, ҚМ, мұнай және газ секторларындағы компаниялар, сондай-ақ азаматтық қоғам (3 негізгі мүше мен 3 орнын басатын) кіреді. Жұмыс органы – «Қазгеоақпарат» РГАО» ЖШС-індегі Хатшылық (ҚР ИИДМ ГЖҚПК).

**ҚР МТҰК-тің жаңартылған құрамы** ӨСАБ Ұлттық сайтының «МТҰК» бөлімінде бар <http://eiti.geology.gov.kz/ru/the-national-council>, сондай-ақ осы жерде ҚР МТҰК қызметімен, оның нәтижелерімен, қатысушылар тізімімен және электронды дауыс беру арқылы отырыстарды сырттай өткізген жағдайда ҚР МТҰК-тің дауыс берген мүшелерінің бюллетендерімен танысуға болады.

2018-2019 жылдар аралығында (шілдеге дейін) ҚР МТҰК-тің 6 отырысы өткізілді. ҚР МТҰК жұмысының регламенті 2013 жылғы 9 қазанда жаңартылған Өзара түсіністік туралы меморандумына 1-қосымшада жазылған. ӨТМ-ға өзгерістер ҚР МТҰК жұмысының регламентіне, оның құрамына, міндеттеріне, өкілеттіктеріне, отырыстар өткізу, қарастыру рәсімдері, шешім қабылдау ретіне қатысты енгізілген (ҚР МТҰК-тің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 67 хаттамасымен бекітілген).

*Қазақстанда ӨСАБ-ты іске асыру бойынша прогресс туралы 2017 жылғы есеп (бұдан әрі – Есеп) ӨСАБ Халықаралық талаптарына және Халықаралық Хатшылықтың, ҚР МТҰК мүшелерінің, ҚР МТҰК Жұмыс топтарының сын-пікірлері ескерілген, елімізде ӨСАБ-ты іске асыру шеңберінде атқарған жұмыстары туралы ҚР МТҰК тараптары ұсынған ақпаратқа сәйкес.*

*Есеппен ӨСАБ Ұлттық сайтында танысуға болады және кері байланыс нысаны арқылы <http://eiti.geology.gov.kz/ru/contact> немесе [eiti\\_secretariat@geology.kz](mailto:eiti_secretariat@geology.kz) электронды поштасы арқылы сын-пікірлер жазып, сұрақтар қоюға болады.*

2019 жылғы 17 маусымда ҚР МТҰК келісілген

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

**ТМКҚ** – Тау-кен өндірісі және тау-кен-металлургия кәсіпорындарының қауымдастығы

**ДА** – Диалог алаңы

**ҚР ЖП БМБЖ КАЖ** – «Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды бірыңғай мемлекеттік басқару жүйесі» кіріктірілген ақпараттық жүйесі

**АКТ** – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

**ӨСАБ** – Өндіруші салалардағы ашықтық бастамасы

**ГЖПК** – Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

**ЖМГЗ** – Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу

**ИДМ** – Инвестициялар және даму министрлігі

**ҚМ** – Қаржы министрлігі

**ЭМ** – Энергетика министрлігі

**ӨтМ** – Өзара түсіністік туралы меморандум

**ҮЕҮ** – Үкіметтік емес ұйым

**МТҰК** – Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесі

**АҚҰ** – Азаматтық қоғам ұйымы

**БЭЗБ** – Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы

**ЖТ** – Жұмыс тобы

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**Хатшылық** – Қазақстандағы ӨСАБ бойынша Ұлттық Хатшылық

**ӘИЖ** – Әлеуметтік-инвестициялық жобалар

**ТМД** – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

**ТТ** – Техникалық тапсырма

**БАҚ** – Бұқаралық ақпарат құралдары

**БАҚ-тағы ӨСАБ жөніндегі жарияланымдармен мына сілтеме арқылы танысуға болады:** <http://eiti.geology.gov.kz/ru/about-us/publikatsii-v-smi>